**"Инвестициялық салымдар кезінде агроөнеркәсіптік кешен субъектісі шеккен шығыстардың бір бөлігін өтеу бойынша субсидиялау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің міндетін атқарушының 2018 жылғы 23 шілдедегі № 317 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2025 жылғы 13 ақпандағы № 49 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2025 жылғы 14 ақпанда № 35728 болып тіркелді

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Инвестициялық салымдар кезінде агроөнеркәсіптік кешен субъектісі шеккен шығыстардың бір бөлігін өтеу бойынша субсидиялау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің міндетін атқарушының 2018 жылғы 23 шілдедегі № 317 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17320 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Инвестициялық салымдар кезінде агроөнеркәсіптік кешен субъектісі шеккен шығыстардың бір бөлігін өтеу бойынша субсидиялау қағидаларында:

2-тармақтың 16) тармақшасы мынадай реадкцияда жазылсын:

"16) қаржы институттары – екінші деңгейдегі банктер, банктік операцияларды жүзеге асыру құқығына тиісті лицензиясы бар микроқаржы ұйымдары, кредиттік ұйымдар, лизингтік компаниялар, кредиттік серіктестіктер, Қазақстан Республикасының бюджеттік заңнамасына сәйкес айқындалған сенім білдірген өкілдер (агенттер);";

10-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"10. Егер жобаның паспорттары бойынша тек техниканы, машиналарды және/немесе жабдықтарды сатып алу көзделсе, онда өтінім берілген жылға дейін 3 (үш) жылдан ерте емес шығарылған және сатып алынған жаңа, бұрын пайдаланылмаған техника, машиналар және/немесе жабдықтар субсидиялауға жатады.

№ 1.1 жоба паспортында көрсетілген машиналарды және жабдықтарды субсидиялау басым ауыл шаруашылығы машиналары мен жабдықтарының тізбесіне (бұдан әрі – Тізбе) сәйкес жүзеге асырылады. Тізбені индустриялық қызметті мемлекеттік қолдау саласындағы уәкілетті орган ағымдағы жылдың 1 желтоқсанынан кешіктірмей келесі жылға және 1 шілдеден кешіктірмей тиісті жылға береді. Агроөнеркәсіптік кешен саласындағы уәкілетті орган Тізбені алғаннан кейін 3 (үш) жұмыс күні ішінде СМАЖ-да орналастырады.

Бұл ретте, Тізбеде техниканың, машиналар мен жабдықтардың мәлімделген моделі болмаған жағдайда, техниканы, машиналар мен жабдықтарды субсидиялау № 1 және № 1.2 жобалардың паспорттары бойынша жүзеге асырылады.

№ 1.2 жобаның паспорты бойынша субсидиялау 2024 жылғы 25 мамырға дейін ( қоса алғанда) сатып алынған техника, машиналар мен жабдықтар бойынша жүзеге асырылады.";

14-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"14. Сатып алынған тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді электрондық шот-фактуралармен растау электрондық шот-фактуралардың ақпараттық жүйесі арқылы жүзеге асырылады (қаржы лизингіне сатып алынған тауарларды қоспағанда). 2020 жылғы 1 қаңтарға дейін жүзеге асырылған шығыстар қағаз түріндегі шот-фактуралармен расталады.

Ауыл шаруашылығы тауарын өндіруші (ауыл шаруашылығы кооперативі) техниканы, машиналарды және/немесе жабдықты электрондық шот-фактуралардың ақпараттық жүйесін пайдаланбайтын шетелдік өндірушіден тікелей сатып алған кезде сатып алуға жұмсалған шығындар тауарларға арналған кедендік декларациямен ( Еуразиялық экономикалық одаққа мүше болып табылмайтын үшінші елдерден) немесе "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)" Қазақстан Республикасы Кодексінің (бұдан әрі – Салық кодексі) 456-бабының 2-тармағына сәйкес тауарларды әкелу және жанама салықтарды төлеу туралы өтінішпен ( өтініштермен) (Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің аумақтарынан) расталады.";

17-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"17. Ағымдағы қаржы жылындағы өтінімдер бойынша ағымдағы қаржы жылы жергілікті бюджеттен инвестициялық субсидияларды төлеуге қаражат болған кезде әкімшінің шешімі бойынша мынадай жобалар паспорттары бойынша инвестициялық салымдардың өтеу үлесін ұлғайтуға жол беріледі:

50 (елу) %-ке дейін:

№ 1 "Ауыл шаруашылығы техникасын, машиналары мен жабдықтарын сатып алу" жобасының паспорты бойынша ауыл шаруашылығы кооперативтері үшін 1.1; 13.3; 14; 19; 20; 21; 23; 24; 25; 26; 30; 31; 35; 37-позициялар бойынша;

№ 1.1 "Басым ауыл шаруашылығы машиналары мен жабдықтарын сатып алу" жобасының паспорты бойынша ауыл шаруашылығы кооперативтері үшін 1-1.10 және 3.1-3.4; 4-позициялар бойынша;

№ 8 "Сүт өңдеу объектісін құру және кеңейту, сүт қабылдау пункттерін құру, ауыл шаруашылығы кооперативтері, дайындау ұйымдары, сүт қабылдау пункттері және сүт өңдеу кәсіпорындары үшін жабдықтар мен техника сатып алу" жобасының паспорты бойынша ауыл шаруашылығы кооперативтері үшін.

Бұл ретте, бір ауыл шаруашылығы кооперативі сатып алынған (сатып алынатын) техникаға, машина мен жабдыққа:

тиісті мөлшерде тіркемелі және аспалы жабдықтары бар үш тракторға;

екі астық жинау комбайнына және тиісті мөлшерде аспалы және тіркемелі жабдыққа;

ауыл шаруашылығы мақсатындағы жүктерді тасымалдауға арналған екі автомобильге және өзі аударғыш тіркемеге дейін инвестициялық субсидиялар ала алады.

Ауыл шаруашылығы кооперативтері үшін техниканың бір бірлігіне (гектар/ірі қара малдың шартты басы) арналған ең төменгі норматив жөніндегі талап қолданылмайды;

80 (сексен) %-ке дейін:

№ 11 "Су алу және жеткізу инфрақұрылымын құру және кеңейту арқылы су үнемдейтін суару технологияларын енгізу" жобасының паспорты бойынша.";

20-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"20. Инвестор (көрсетілетін қызметті алушы) өз қаражатын пайдаланған жағдайда инвестициялық субсидиялар сомасын жұмыс органы (көрсетілетін қызметті беруші) инвестордың (көрсетілетін қызметті алушының) есеп айырысу шотына аударады.

Техника, машиналар, жабдықтар және басқа да объектілер кредитке/лизингке сатып алынған кезде инвестициялық субсидиялар қаржы институтына инвестордың ( көрсетілетін қызметті алушының) негізгі борышын өтеу есебіне аударылады. Бұл ретте, егер инвестициялық субсидиялар сомасы инвестордың (көрсетілетін қызметті алушының) негізгі борышы қалдығының сомасынан асқан жағдайда, онда негізгі борыш қалдығының сомасынан асатын айырма сомасы инвесторға (көрсетілетін қызметті алушыға) жіберіледі.

Инвестициялық субсидиялар алатын АӨК субъектілері үшін қарсы міндеттеме 2020 жылдан бастап ауыл шаруашылығы мен тамақ өнімдерін өндірудің негізгі капиталына салынатын инвестициялар бойынша статистикалық есептілікті ұсыну болады.";

23-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"23. Субсидия алу үшін инвестор (көрсетілетін қызметті алушы) "PDF (Portable Document Format)" электрондық форматында (инвестордың (көрсетілетін қызметті алушының) қолы қойылған және мөрімен (бар болса) расталған қағаз нұсқаның сканерленген көшірмесі) мынадай растау, құқық белгілеу және/немесе тіркеу құжаттарын қоса бере отырып, осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша инвестициялық субсидиялауға арналған өтінімін береді:

1) Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2017 жылғы 24 сәуірдегі № 234 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15141 болып тіркелген) бекітілген объектіні пайдалануға қабылдау актісі нысанына сәйкес, сондай-ақ "Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Сәулет,

қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы заң) 73-бабының 2-тармағына сәйкес инвестициялық жоба объектісін пайдалануға қабылдау актісінің (жаңа өндірістік қуаттылықтар құру немесе жұмыс істеп тұрғандарын кеңейту кезінде) немесе инвестициялық жобаның іске қосу кешенін немесе кезегін пайдалануға беру актісінің ( осы Қағидалардың 15-тармағында көрсетілген жағдайлар бойынша) көшірмелері;

2) сатып алушы мен жеткізуші арасындағы жабдықтарды пайдалануға енгізу актісінің көшірмесі (жабдықтарды сатып алу кезінде);

3) жаңа өндірістік қуаттар құруға не жұмыс істеп тұрғандарын кеңейтуге арналған инвестициялық салымдарды растайтын, сатып алынған тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер бойынша сатып алу-сату шарттарының, электрондық және/немесе қағаз түріндегі шот-фактуралардың (қаржы лизингіне сатып алынған тауарларды қоспағанда), төленген төлемді растайтын құжаттардың көшірмелері;

4) Сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы заңның 60-бабына және 9-1-тарауына сәйкес жобалар сараптамасының оң қорытындысы бар жобалау-сметалық құжаттама көшірмелері (жобалау-сметалық құжаттамаға сәйкес субсидиялау көзделген жобалардың паспорттары бойынша);

5) техниканы, машиналар мен жабдықтарды қабылдау-беру актілерінің көшірмелері ;

6) инвестициялық салымдар қаржы институттарында тартылған қаражат есебінен жүзеге асырылған жағдайда, қаржы институты растаған кредиттік/лизингтік шарттардың көшірмелері;

7) осы Қағидалардың 16-тармағының 2) тармақшасына сәйкес екінші траншты алуға өтінім берілген жағдайда, инвестор (көрсетілетін қызметті алушы) "PDF (Portable Document Format)" электрондық форматында (қағаз нұсқасының сканерленген көшірмесі) растайтын құжаттарды қоса береді:

бизнес-жоспар;

дайын өнімді өткізу бойынша электрондық шот-фактуралар;

8) ҚҚС бойынша тіркеу есебіне қою туралы куәліктің көшірмесі (ҚҚС бойынша тіркеу есебінде тұрған АӨК субъектілері үшін);

9) № 4 жобаның паспорты бойынша және жерүсті немесе жерасты көздерінен суды тікелей (бастапқы) алған жағдайда № 11 жобаның паспорты бойынша қосымша:

"Су қорын пайдалануды реттеу саласында мемлекеттік қызметтер көрсету қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 11 қыркүйектегі № 216 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21194 тіркелген) бекітілген "Арнайы су пайдалануға рұқсат" мемлекеттік қызметін көрсету қағидаларына сәйкес алынған арнайы су пайдалануға рұқсаттың көшірмесі;

10) № 4 жобаның паспорты бойынша қосымша:

су шаруашылығы құрылысжайына құқықтардың мемлекеттік тіркелгенін растайтын құжаттың көшірмесі;

шөлді және шөлейт аймақтарға арналған құдықтар (ұңғымалар) бойынша – табиғи аймақтарға тиесілігін көрсете отырып, жер учаскесінің сапалық жай-күйі туралы мәліметтердің көшірмесі;

"Гидромелиорациялық жүйелер мен су шаруашылығы құрылысжайларының паспорттарын жүргізу қағидасын және паспорт нысанын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2009 жылғы 4 маусымдағы № 326 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5714 болып тіркелген) сәйкес нысан бойынша су алу ұңғымасының техникалық паспортының көшірмесі;

инвестордың (көрсетілетін қызметті алушының) ұңғымаларды (ұңғымаларды) салу және бұрғылау жөніндегі мердігер ұйымның қызметтеріне ақы төлеу фактісін, сондай-ақ оның қалыңдығы мен диаметрін көрсете отырып, құбырлардың құнын растайтын электрондық шот-фактуралардың, төлем құжаттарының көшірмелері;

мердігермен жасалған шарттың көшірмесі;

мердігердің топырақты бұрғылау жұмыстарының кіші түрлері бойынша құрылыс-монтаждау жұмыстарына, сондай-ақ топырақты далалық зерттеулердің кіші түрлері бойынша іздестіру қызметіне, гидрогеологиялық зерттеулерге лицензиялардың көшірмелері;

11) инвестор (көрсетілетін қызметті алушы) өз қаражатын пайдаланған жағдайда инвестициялық субсидияларды аудару үшін инвестордың (көрсетілетін қызметті алушының) шотының деректемесін көрсете отырып, инвестордың (көрсетілетін қызметті алушының) ағымдағы шоты ашылған қаржы институтының анықтамасы;

12) инвестордың (көрсетілетін қызметті алушының) негізгі борышын өтеу есебіне инвестициялық субсидияларды аудару үшін қаржы институты шотының деректемесін көрсетілген қаржы институтының анықтамасы.";

35-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"35. Техниканы, машиналар және (немесе) жабдықтарды лизингке беру жолымен инвестор қаржыландырылған жағдайда, Банктер және банк қызметі туралы заңға сәйкес қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның банк операцияларын жүргізуге лицензиясы бар қаржы институты немесе микроқаржы қызметін жүзеге асыруға лицензиясы бар қаржы институты жұмыс органының (көрсетілетін қызметті берушінің) оң шешімінің көшірмесін және арнайы шотқа қаражатты алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде егер инвестор (көрсетілетін қызметті алушы) мен Банктер және банк қызметі туралы заңға сәйкес қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның банк операцияларын жүргізуге лицензиясы бар қаржы институты немесе микроқаржы қызметін жүзеге асыруға лицензиясы бар қаржы

институты арасындағы шартта өзгеше көзделмесе, онда қаржы лизингі шартында көзделген қаражатты инвестордың (көрсетілетін қызметті алушының) шотына аударады және жұмыс органына (көрсетілетін қызметті берушіге) растайтын құжаттарды, сондай-ақ қаржы лизингі шартының көшірмесін ұсынады.

Банктер және банк қызметі туралы заңға сәйкес қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның банк операцияларын жүргізуге лицензиясы бар қаржы институты немесе микроқаржы қызметін жүзеге асыруға лицензиясы бар қаржы институты арнайы шотқа қаражат келіп түскен күннен бастап күнтізбелік 180 (жүз сексен) күннен аспайтын мерзімде жұмыс органына (көрсетілетін қызметті берушіге) лизинг нысанасын қабылдау-тапсыру актісін және лизинг нысанасының түпкілікті құнын айқындау жөніндегі лизинг шартына қосымша келісімді қоса бере отырып, инвесторға ( көрсетілетін қызметті алушыға) техниканы, машиналарды және (немесе) жабдықты жеткізудің аяқталғаны туралы жазбаша хабарлама жолдайды.

Бұл ретте Банктер және банк қызметі туралы заңға сәйкес қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның банк операцияларын жүргізуге лицензиясы бар қаржы институты немесе микроқаржы қызметін жүзеге асыруға лицензиясы бар қаржы институты осы тармақтың екінші бөлігінде көзделген талаптар орындалғанға дейін арнайы шоттағы қаражатты пайдалана алмайды.

Лизинг нысанасының түпкілікті құны іс жүзінде субсидиялау шартында көрсетілгеннен кем болған инвесторлардың (көрсетілетін қызметті алушылардың) өтінімдері бойынша жұмыс органы (көрсетілетін қызметті беруші) субсидияларды қайта есептеуді жүзеге асырады, айырма сомасын (арнайы шотқа артық аударылған қаражатты) анықтайды және 3 (үш) жұмыс күнінен аспайтын мерзімде Банктер және банк қызметі туралы заңға сәйкес қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның банк операцияларын жүргізуге лицензиясы бар қаржы институтына немесе микроқаржы қызметін жүзеге асыруға лицензиясы бар қаржы институтына айырма сомасын (арнайы шотқа артық аударылған қаражатты) жұмыс органының (көрсетілетін қызметті берушінің) есеп айырысу шотына қайтару қажеттілігі туралы хабарлама жібереді.

Банктер және банк қызметі туралы заңға сәйкес қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның банк операцияларын жүргізуге лицензиясы бар қаржы институты немесе микроқаржы қызметін жүзеге асыруға лицензиясы бар қаржы институты жұмыс органынан ( көрсетілетін қызметті берушіден) хабарлама алған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен аспайтын мерзімде хабарламада көрсетілген мөлшердегі қаражатты жұмыс органының (көрсетілетін қызметті берушінің) есеп шотына қайтарады.

Лизинг нысанасының түпкілікті құны субсидияларды есептеуге арналған ең жоғары жол берілген құннан асатын инвесторлардың (көрсетілетін қызметті алушылардың) өтінімдері бойынша субсидияларды қайта есептеу жүзеге асырылмайды.";

40-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"40. Субсидиялаудың ақпараттық жүйесінде қалыптастырылған мониторинг деректері негізіндегі талдауды жұмыс органы (көрсетілетін қызметті беруші) тексереді және келіседі.

Инвестор (көрсетілетін қызметті алушы) құрылыс-монтаждау жұмыстары субсидиялау жүзеге асырылған инвестициялық жобаның бизнес-жоспарына сәйкес өндірістік қуаттардың өндіргіштік және/немесе өнімділік және/немесе өнімді өткізу және/немесе жүктеу бойынша көрсеткіштерге қол жеткізбеген жағдайда, жұмыс органы (көрсетілетін қызметті беруші) факт анықталған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде осы тармақта көзделген іс-қимылдарды қабылдайды. Бұл ретте төленген субсидияларды қайтармау туралы шешім инвестор (көрсетілетін қызметте алушы) болжай алмайтын және алдын ала алмайтын еңсерілмейтін күштің мән-жайлары салдарынан болатын объективті факторлар негізінде қабылданады.

Инвестор (көрсетілетін қызметті алушы) сатып алынған техниканы, машиналарды және/немесе жабдықтарды иеліктен шығарған және/немесе мақсатты пайдаланбаған, өндіріс объектісі пайдалануға берілген сәттен бастап күнтізбелік үш жыл ішінде жұмыс істемеген немесе объект бизнес-жоспарда көзделген мерзімдерде кемінде 50 (елу) % мөлшеріндегі жобалық қуатқа шықпаған, сондай-ақ инвестор қызметінің негізгі және қосымша түрінің осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес келмейтіндігі анықталған, Салық кодексіне, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне, Оңалту және банкроттық туралы заңына сәйкес инвесторға қатысты тарату, оңалту немесе банкроттық рәсімдері, инвестордың (көрсетілетін қызметті алушының) кредиттік/лизингтік шарт бойынша міндеттемелерді бұзуына және лизинг нысанасын алып қоюға байланысты кредиттік/лизингтік шартты бұзу фактісі анықталған жағдайда, жұмыс органы (көрсетілетін қызметті беруші) инвестициялық субсидияларды қайтару туралы шешім қабылданған сәттен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде қаражаттың қайтарылуы бойынша сот талқылауына бастамашылық жасайды.

Инвестор (көрсетілетін қызметті алушы) кредиттік/лизингтік шарт бойынша міндеттемелерді бұзғандықтан және лизинг нысанасы алып қойылғандықтан кредиттік/лизингтік шарт бұзылған жағдайда, қаржы институты 5 (бес) жұмыс күні ішінде бұл туралы жұмыс органына (көрсетілетін қызметті берушіге) СМАЖ арқылы хабарлайды.

Жұмыс органы (көрсетілетін қызметті беруші) инвестициялық субсидиялауды тоқтату туралы шешім қабылданған сәттен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қабылданған шешімнің себебін көрсете отырып, инвесторды (көрсетілетін қызметті алушыны) хатпен хабардар етеді.

Бұл ретте жұмыс органы (көрсетілетін қызметті беруші) ағымдағы қаржы жылында жүргізілген төлемдерді қайтаруды орындалмаған міндеттемелер сомасын ұлғайту және бюджеттік шығыстар жіктеуішінің тиісті кодтары бойынша кассалық шығыстарды азайту жолымен жұмыс органының (көрсетілетін қызметті берушінің) кассалық шығыстарын қалпына келтіре отырып, жүзеге асырады. Өткен жылдардың төлемдері қайтарылған жағдайда, қайтарылған сома төлем жүргізілген тиісті бюджеттің кірісіне есептеледі.";

2, 3 және 4-қосымшалар осы бұйрыққа 1, 2 және 3-қосымшаларға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

8-қосымша осы бұйрыққа 4-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

12-қосымша осы бұйрыққа 5-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Қаржылық құралдар және микрокредит беру департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оның Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының ауыл шаруашылығы вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының*
*Ауыл шаруашылығы министрі* — *А. Сапаров*

"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасы
Бәсекелестікті қорғау және дамыту
агенттігі

"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасы
Қаржы министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасы
Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасы
Стратегиялық жоспарлау
және реформалар агенттігінің
Ұлттық статистика бюросы

"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрлігі
"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасы
Цифрлық даму,
инновациялар және аэроғарыш
өнеркәсібі министрлігі

Қазақстан Республикасының
Ауыл шаруашылығы министрі
2025 жылғы 13 ақпандағы
№ 49 бұйрығына
1-қосымша
Инвестициялық салымдар
кезінде агроөнеркәсіптік кешен
субъектісі шеккен шығыстардың
бір бөлігін өтеу бойынша
субсидиялау қағидаларына
2-қосымша

## Жобалар паспорттарының тізбесі

| | |
|---|---|
| 1 | Ауыл шаруашылығы техникасын, машиналары мен жабдықтарын сатып алу |
| 1.1 | Басымды ауыл шаруашылығы машиналары мен жабдықтарын сатып алу |
| 1.2 | Аспалы және тіркемелі ауыл шаруашылығы техникасын сатып алу жобасының паспорты |
| 2 | Селекциялық-тұқым шаруашылығы техникасы мен жабдығын сатып алу |
| 3 | Тұқым тазарту-сұрыптау жабдығын сатып алу |
| 4 | Жайылымдарды суландыру инфрақұрылымын құру және мал өсіруші шаруашылықтарды сумен ( құдықтар, ұңғымалар) қамтамасыз ету |
| 5 | Малды бордақылауға арналған объектілерді құру және кеңейту |
| 6 | Сүтті бағыттағы ірі қара мал/ешкі өсіруге арналған объектілерді құру және кеңейту |
| 7 | Мал союға және ет өңдеуге арналған объектілерді құру және кеңейту |
| 8 | Сүт өңдеу объектісін құру және кеңейту, сүт қабылдау пункттерін құру, ауыл шаруашылығы кооперативтері, дайындаушы ұйымдары, сүт қабылдау пункттері мен сүт өңдеу кәсіпорындары үшін жабдық пен техника сатып алу |
| 9 | Жүн дайындау пунктіне арналған жабдық сатып алу |
| | |

| | |
|---|---|
| 10 | Ауыл шаруашылығы жануарларының терісі мен жүнін өңдеу кәсіпорындарын құру және кеңейту |
| 11 | Су алу және жеткізу инфрақұрылымын құру және кеңейту арқылы су үнемдейтін суару технологияларын енгізу |
| 12 | Жылыжай кешенін салу және кеңейту |
| 13 | 5 гектардан басталатын қарқынды алма бағын отырғызу |
| 14 | 5 гектардан басталатын жеміс-жидек дақылдары мен жүзім отырғызу |
| 15 | Қуаты жылына 5 мың тоннадан басталатын құс етін өндіруге арналған объектілерді құру және кеңейту |
| 16 | Алу және өсіру қуаты 1200 бас будан мегежіндерден басталатын селекциялық-будандық орталық құру |
| 17 | Қуаты 1000 бас мегежіннен басталатын шошқа өсіруге арналған объектілерді құру және кеңейту |
| 18 | Құрамажем зауытын салу |
| 19 | Тәулігіне 50 тонна құс саңғырығын өңдеуге арналған техника мен жабдықтар сатып алу |
| 20 | Жұмыртқалы және етті бағыттағы құс шаруашылығында асыл тұқымдық репродуктор құру және кеңейту |
| 21 | Астық сақтау орындарын салу және кеңейту |
| 22 | 1 000 тоннадан басталатын картоп-көкөніс сақтау орындарын салу, кеңейту |
| 23 | 1 000 тоннадан басталатын жеміс сақтау орындарын салу және кеңейту |
| 24 | Жемістер/көкөністер/бақша дақылдарын өңдеу жөніндегі кәсіпорынды салу және (немесе) кеңейту |
| 25 | Картоп өңдеу жөніндегі кәсіпорынды салу |
| 26 | Май-тоңмай өнімдерін өндіру жөніндегі кәсіпорынды салу және (немесе) кеңейту |
| 27 | Дәнді дақылдардың өңделген өнімдерін өндіру жөніндегі кәсіпорынды құру және кеңейту |
| 27.1 | Өсімдік шаруашылығы өнімдерін тереңдете өңдеу жөніндегі кәсіпорынды құру және кеңейту |
| 28 | Қант өндіру жөніндегі кәсіпорынды құру және кеңейту |
| 29 | Қуаты жылына 2 000 тонна өнімнен басталатын нан-тоқаш және/немесе кондитерлік өнімдер өндіру жөніндегі кәсіпорынды кеңейту |
| 30 | Өндірістік қуатын жылына 50 миллион жұмыртқадан бастап ұлғайта отырып жұмыртқалы құс фабрикаларын кеңейту |
| 31 | Топырақты талдау жөніндегі агрохимиялық зертханалар үшін жабдық сатып алу |
| | |

| | |
|---|---|
| 32 | Тауық жұмыртқасын өңдеу зауытын құру және кеңейту |

Қазақстан Республикасының
Ауыл шаруашылығы министрі
2025 жылғы 13 ақпандағы
№ 49 бұйрығына
2-қосымша

Инвестициялық салымдар
кезінде агроөнеркәсіптік кешен
субъектісі шеккен шығыстардың
бір бөлігін өтеу бойынша
субсидиялау қағидаларына
3-қосымша

## Субсидиялауға жататын жобалар паспорттарының тізбесі

| № 1 "Ауыл шаруашылығы техникасын, машиналары мен жабдықтарын сатып алу" жобасының паспорты | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Р/с № | Техника мен жабдықтың атауы және техникалық сипаттамасы | Инвестициялық салымдарды өтеу үлесі % | Техниканың бір бірлігіне арналған ең төменгі норматив, гектар/ірі қара малдың шартты басы | Техника/машиналар/жабдықтар бірлігіне арналған субсидияларды есептеу үшін ең жоғарғы рұқсат етілетін құн, қума метр, теңге |
| 1 | Азық жинайтын комбайн (SHREADLAGE технологиясымен - жоғары сапалы жоғары энергиялы азық өндіру, тиімді Nir жүйесімен – дайындалатын азықтағы қоректік заттарды анықтау): | | | |
| 1.1 | қуаты 301 (қоса есептегенде) ат күшінен басталатын азық жинайтын комбайн * | 15 % | | 160 000 000 |
| 2 | Тіркемелі қызылша жинайтын комбайн: | 50 % | | 159 964 000 |
| 3 | Қуаты 201 (қоса есептегенде) ат күшінен басталатын мақта жинайтын комбайн: | 25 % | | 226 649 000 |
| 4 | Сәбіз жинайтын комбайн: | | | |
| 4.1 | аспалы | 25 % | | 21 368 000 |
| 4.2 | жартылай аспалы | 25 % | | 55 644 000 |
| | | | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 4.3 | бір қатарлы тіркемелі | 25 % | | 47 602 000 |
| 4.4 | екі қатарлы ( үш қатарлы) тіркемелі | 25 % | | 157 114 000 |
| 5 | Қырыққабат жинайтын комбайн: | | | |
| 5.1 | аспалы | 25 % | | 12 500 000 |
| 5.2 | тіркемелі | 25 % | | 11 000 000 |
| 6 | Пияз жинайтын комбайн: | | | |
| 6.1 | жартылай аспалы | 25 % | | 53 099 000 |
| 6.2 | тіркемелі | 25 % | | 5 000 000 |
| 6.3 | жартылай тіркемелі | 25 % | | 12 400 000 |
| 7 | Картоп жинайтын комбайн | | | |
| 7.1 | тіркемелі | 25 % | | 148 511 000 |
| 7.2 | өздігінен жүретін | 25 % | | 330 762 000 |
| 8 | Қызанақ жинайтын комбайн | 25 % | | 85 000 000 |
| 9 | Жүгері жинауға арналған айлабұйым | 25 % | | 7 000 000 |
| 10 | Тамыр жинайтын машина (қазушы) | 50 % | | 4 700 000 |
| 11 | Сабақ жинайтын машина | 50 % | | 25 211 000 |
| 12 | Жидек дақылдарын жинауға арналған өздігінен жүретін комбайн | 25 % | | 71 300 000 |
| 13 | Сепкіш: | | | |
| 13.1 | өнімділігі жоғары дәл себетін сепкіш (тұқым төсеу аймағында тығыздауды болдырмайтын себу секциясының тірек қысымын бақылау – Auto Force жүйесімен. Нақты егіншілік және дифференциалды егіс жүйесінде жұмыс істеуге арналған ISOBUS электрондық жүйесімен. Жұмыс сапасын қашықтан толық бақылау жүйесімен.) ***** | | | |
| 13.1.1 | қамту ені 8 метрден 16 метрге дейін | 15 % | | 91 482 474 |
| 13.1.2 | қамту ені 24 метрден 36 метрге дейін | 15 % | | 158 235 420 |
| 13.2 | қызылша себетін | 50 % | | 37 667 000 |
| 13.3 | көкөніс себетін | 25 % | | 32 299 000 |
| 13.4 | мақта себетін | 25 % | | 2 400 000 |
| 14 | Картоп отырғызғыш | 25 % | | 30 609 000 |
| | | | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 15 | Тұқым дәрілегіш | 25 % | | 2 000 000 |
| 16 | Астық тиегіш | 25 % | | 1 200 000 |
| 17 | Астық лақтырғыш | 25 % | | 4 764 000 |
| 18 | Тіркемелі астық жинақтағыш бункер | 25 % | | 76 917 000 |
| 19 | Дән аршушы | 25 % | | 10 000 000 |
| 20 | Егістерді жоспарлауға арналған жабдық | | | |
| 20.1 | лазерлі жоспарлауыш | 25 % | | 14 438 000 |
| 20.2 | скрепер-жоспарлауыш | 25 % | | 25 813 000 |
| 21 | Тіркеме/аспалы орақ: роторлы | 25 % | | 93 322 000 |
| 22 | Тең тасымалдаушы тіркеме | 25 % | | 10 200 000 |
| 23 | Ірі азықты майдалағыш | 25 % | | 13 133 000 |
| 24 | Өздігінен жүретін дестелегіш, өздігінен жүретін шөп шапқыш | 25 % | | 49 000 000 |
| 24.1 | азық жинайтын дестелегіш | 25 % | | 39 500 000 |
| 25 | Жал түзгіш, жал салушы | 25 % | | 4 000 000 |
| 26 | Шырынды азық тасуға арналған тіркеме | 25 % | | 4 800 000 |
| 27 | Телескоптық тиегіш | 25 % | 500 гектардан бастап/ 50 бастан бастап | 58 810 000 |
| 28 | Шөмішінің сыйымдылығы 1,8 текше метрге дейін фронтальді тиегіш | 15 % | 500 гектардан бастап/ 50 бастан бастап | 16 189 000 |
| 29 | Ауыл шаруашылығы өніміне арналған кептіргіш (жылжымалы астық кептіргіш) | | | |
| 29.1 | тәулігіне 49-145 тоннадан (қоса есептегенде) | 25 % | | 29 569 000 |
| 30 | Бүріккіш (гироскопты штанганы тұрақтандыру және ультрадыбыстық датчиктері бар штанганы ұстау жүйесімен, сондай-ақ Boom Control Pro, Clearance Control, EMR қозғалтқышын басқару жүйесімен): | | | |
| 30.1 | 12000 литрлік багы бар жоғары өнімді тіркемелі бүріккіш ( | | | 107 645 400 |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | қашықтан басқару жүйесі бар) * | 15 % | | |
| 30.2 | өздігінен жүретін: | | | |
| 30.2.1 | 6000 литрлік үлкен багы бар және қамту ені 36 метр өздігінен жүретін бүріккіш ( қашықтан басқару жүйесімен) * | 15 % | | 231 549 000 |
| 31 | Тыңайтқыш енгізуге арналған машина (тіркемелі): | | | |
| 31.1 | с ұ й ы қ тыңайтқыштар | 25 % | | 10 900 000 |
| 31.2 | қатты тыңайтқыштар | | | |
| 31.2.1 | жүккөтергіштігі 10 (қоса есептегенде) тоннаға дейін | 25 % | | 9 415 000 |
| 31.2.2 | жүккөтергіштігі 10,1-ден 25,0 (қоса есептегенде) тоннаға дейін | 25 % | | 25 275 000 |
| 31.2.3 | жүккөтергіштігі 25,1 (қоса есептегенде) тоннаға дейін | 25 % | | 84 159 000 |
| 32 | Тас жинайтын машина | 25 % | | 5 100 000 |
| 33 | А у ы л шаруашылығы және өзге де инертті жүктерді тасымалдауға арналған, екі жағынан немесе үш жағынан өздігінен аударғыш платформасы бар, қозғалтқыш көлемі 10,90 литрден 15,0 литрге дейін, доңғалақ формуласы 6х4 өздігінен аударғыш автомобиль** | 25 % | | 32 500 000 |
| | А у ы л шаруашылығы | | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 34 | және өзге инертті жүктерді тасымалдауға арналған, толық салмағы 16000 килограмнан аспайтын, қосдөңгелекті шиналауы , екі жағынан өздігінен аударғыш платформасы бар тіркеме** | 25 % | | 6 000 000 |
| 35 | Азық таратқыш/азық таратқыш-майдалағыш/майдалағыш ( сыйымдылығы кемінде 2,2 текше метр) | 25 % | | 13 800 000 |
| 36 | Дән уатқыш/жаныштағыш | 25 % | | 300 000 |
| 37 | Картоп қазғыш | 25 % | | 30 820 000 |
| 38 | Қуаты 2000 килограмм тиегіш *** | 25 % | | 19 350 000 |
| 39 | Бактың көлемі 600 литр және одан да көп қатарлар арасындағы гербицидтік құбыр *** | 25 % | | 2 609 000 |
| 40 | Көлемі 2000 литр бақ бүріккіші*** | 25 % | | 4 128 000 |
| 41 | 2 дискісі бар ашуға/жабуға арналған отырғызғыш*** | 25 % | | 2 322 000 |
| 42 | Қазатын соқа*** | 25 % | | 1 300 000 |
| 43 | Тарақ құраушы фреза | 25 % | | 11 000 000 |
| 44 | Жайылымдарға арналған қоршау ( электр шопан генераторы, төмендететін трансформатор, оқшаулағыштар, кемінде 2 қатар сым )**** | 25 % | 50 бастан бастап | 400 |
| | | | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 45 | Шөп тасымалдаушы тіркеме | 25 % | | 4 000 000 |
| 46 | Пилотсыз әуе кемесі (ПӘК) көпфункционалды ауыл шаруашылығы (пестицидтерді бүрку, тұқымдарды, тыңайтқыштарды тарату және т. б. үшін) | 25 % | | 8 700 000 |
| 47 | Желдеткіш бүріккіш | | | |
| 47.1 | аспалы, ені 20-100 метр | 25% | | 1 800 000 |
| 47.2 | тіркемелі, ені 20-100 метр | 25% | | 6 800 000 |
| 48 | Ауыл шаруашылығы жерлерін киіктердің таптауынан қорғауға арналған топсалы тор***** | 50% | 1 погон метрі | 700 |
| 49 | Ауыл шаруашылығы жерлерін киіктерден қорғауүшін топсалы торды бекітуге арналған бағандар (металл немесе бетон). ***** | 50% | 1 бірлік | 3 750 |

Ескертпе: Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жүктерді тасымалдау үшін автомобиль сатып алған жағдайда, кемінде 120 гектар алаңда жер болуы қажет;

* осы позициялар Басым ауыл шаруашылығы машиналары мен жабдықтары тізбесіне енгізілген жағдайда , бұл позициялар № 1 паспорттың жобасы бойынша субсидиялауға жатпайды.

** 33, 34-позициялар жергілікті бюджет қаражаты есебінен субсидияланады.

*** жеміс-жидек дақылдары мен жүзімнің көпжылдық екпелерінің аналықтарын отырғызу үшін сатып алынған техника субсидияланады.

**** жайылымдарға арналған қоршаудың ең жоғарғы рұқсат етілген құны 1000 гектарға 16 миллион теңгеден аспауға тиіс.

Өздігінен жүретін техника мен машиналардың субсидиясын есептеу үшін 1 және 1.1 паспорттар жобасында техниканы, машинаны және (немесе) жабдықты сатып алуды растайтын құжатта көрсетілген қозғалтқыштың номиналды қуаты пайдаланылады.

***** 48, 49-позициялар жергілікті бюджет қаражаты есебінен субсидияланады.

Тор сымының диаметрі кемінде 2,5 миллиметр, тордың биіктігі кемінде 1,6 метр.

| | | |
|---|---|---|
| Тор ұяшықтарының өлшемдері: ені 100 миллиметрден аспайды, биіктігі 75 миллиметрден аспайды. Бағаналар арасындағы қашықтық 3-5 метрден аспайды. | | |
| № 1.1 "Басым ауыл шаруашылығы машиналары мен жабдықтарын сатып алу" * жобасының паспорты | | |
| Инвестициялық салымдарды өтеу үлесі – 30 % | | |
| Р/с № | Басым ауыл шаруашылығы машиналары мен жабдықтарының атауы және техникалық сипаттамасы | Техника/машина/жабдықтар бірлігіне субсидияларды есептеу үшін ең жоғары рұқсат етілген құн, қума метр, теңге |
| 1 | Трактор (доңғалақты): | |
| 1.1 | қуаты 59 (қоса есептегенде) ат күшіне дейін | 6 915 000 |
| 1.2 | қуаты 60-тан 84 (қоса есептегенде) ат күшіне дейін | 11 267 000 |
| 1.3 | қуаты 85-тен 129 (қоса есептегенде) ат күшіне дейін | 16 237 000 |
| 1.4 | қуаты 130-дан 140 (қоса есептегенде) ат күшіне дейін | 25 407 000 |
| 1.5 | қуаты 141-ден 160 (қоса есептегенде) ат күшіне дейін | 50 233 000 |
| 1.6 | қуаты 161-ден 181 (қоса есептегенде) ат күшіне дейін | 71 050 000 |
| 1.7 | қуаты 182-ден 220 (қоса есептегенде) ат күшіне дейін | 60 014 000 |
| 1.8 | қуаты 221-ден 300 (қоса есептегенде) ат күшіне дейін | 76 833 000 |
| 1.9 | қуаты 301-ден 430 (қоса есептегенде) ат күшіне дейін | 115 240 000 |
| | қуаты 431 (қоса есептегенде) ат | |

| | | |
|---|---|---|
| 1.10 | күшінен басталатын | 230 774 000 |
| 2 | Трактор (шынжыр табанды): | |
| 2.1 | қуаты 201-ден 400 ат күшіне дейін | 50 800 000 |
| 3 | Астық жинайтын комбайн**: | |
| 3.1 | қуаты 150-ден 249 (қоса есептегенде) ат күшіне дейін | 112 500 000 |
| 3.2 | қуаты 250-ден 299 (қоса есептегенде) ат күшіне дейін | 133 194 000 |
| 3.3 | қуаты 300-ден 359 (қоса есептегенде) ат күшіне дейін | 147 950 000 |
| 3.4 | қуаты 360 (қоса есептегенде) ат күшінен басталатын | 187 640 000 |
| 4 | Сүрлем жинайтын (азық жинайтын) комбайн: | |
| 4.1 | қуаты 200-ден 449 (қоса есептегенде) ат күшіне дейін | 100 000 000 |
| 4.2 | қуаты 450 (қоса есептегенде) ат күшінен басталатын | 121 000 000 |
| 5 | Сепкіш: | |
| 5.1 | дәнді және дәнді-бұршақты дақылдарды егуге арналған | 2 660 000 |
| 6 | Пневматикалық/егіс кешені: | |
| 6.1 | қамту ені 15 метрге дейін | 135 443 000 |
| 6.2 | қамту ені 15,1 метрден бастап | 186 914 000 |
| 7 | Ауыл шаруашылығы өніміне арналған кептіргіш: | |
| 7.1 | сағатына 20 ( қоса есептегенде) тоннаға дейін | 40 850 000 |
| | сағатына 20,1-40 (қоса | |

| | | |
|---|---|---|
| 7.2 | есептегенде) тоннадан бастап | 95 000 000 |
| 7.3 | сағатына 40,1 тоннадан жоғары | 117 000 000 |
| 8 | Тұқым және астық тазалауға арналған машиналар: | |
| 8.1 | Сағатына 150 тоннаға дейін астықты алдын ала тазартатын машина | 5 346 000 |
| 8.2 | Барабан түріндегі сағатына 60 тоннаға дейін астықты бастапқы тазалау машинасы | 12 450 000 |
| 8.3 | Жалпақ торлы диірмендері бар сағатына 40 тан 60 тоннаға дейін жа астықты бастапқы және қайталап тазартатын машина | 17 500 000 |
| 8.4 | Жалпақ торлы диірмендері бар сағатына 60 тоннадан 120 тоннаға дейін астықты бастапқы және қайталап тазартатын машина | 25 850 000 |
| 9 | Астық конвейері: | |
| 9.1 | таспалы астық конвейері , өнімділігі сағатына 100-ден 200 тоннаға дейін | 11 156 000 |
| 9.2 | қырғышты астық конвейері , өнімділігі | 9 183 200 |

| | | |
|---|---|---|
| | сағатына 100-ден 200 тоннаға дейін | |
| 10 | Астық Нориясы (элеватор), өнімділігі сағатына 50-ден 200 тоннаға дейін | 15 491 840 |
| 11 | Аэродинамикалық сұрыптау машинасы, өнімділігі сағатына 10-нан 30 тоннаға дейін | 6 000 000 |
| 12 | Пневматикалық сұрыптау үстелі, өнімділігі сағатына 10 тоннаға дейін | 28 450 000 |
| 13 | Бұрандалы конвейер, өнімділігі 60 тонна/сағат, ұзындығы 8 метр | 2 100 000 |
| 14 | Триер блогы, өнімділігі сағатына 8-ден 12 тоннаға дейін | 10 250 000 |
| 15 | Соқа (үш және одан да көп корпусты): | |
| 15.1 | қамту ені 2 метрге дейін | 1 274 000 |
| 15.2 | қамту ені 2,1-4 метр | 3 080 000 |
| 15.3 | қамту ені 4,1 метрден басталатын | 7 300 000 |
| 16 | Дискілі/ротациялы тырма: | |
| 16.1 | қамту ені 6 метрге дейін | 9 167 000 |
| 16.2 | қамту ені 6,1 метрден басталатын | 12 134 000 |
| 17 | Серіппелі тырма | 20 000 000 |
| 18 | Тісті тырма: | |
| | | |

| | | |
|---|---|---|
| 18.1 | қамту ені 12,1-20 метр | 12 079 000 |
| 18.2 | қамту ені 20,1 метрден басталатын | 19 475 000 |
| 19 | Сақиналы-тепкілі топырақтаптағыш/ тегіс су құйылатын тісті топырақтаптағыш | 15 675 000 |
| 20 | Қопсытқыш: | |
| 20.1 | қамту ені 4,9 метрге дейін | 1 950 000 |
| 20.2 | Қамту ені 5-9,9 метр | 18 269 000 |
| 20.3 | Қамту ені 10 метрден басталатын | 15 101 000 |
| 21 | Топырақ өңдейтін агрегат, құрамалы құрал: | |
| 21.1 | қамту ені 4,9 метрге дейін | 5 972 000 |
| 21.2 | қамту ені 5 метр басталатын | 22 145 000 |
| 22 | Тіркемелі/аспалы дестелегіш: | |
| 22.1 | дестелегіш 6-8,9 метрге дейін | 12 767 000 |
| 22.2 | дестелегіш 9 метрден басталатын | 31 865 000 |
| 23 | Комбайнға платформа подборщик | 4 300 000 |
| 24 | Қопсытқыш: | |
| 24.1 | қамту ені 4,9 метрге дейін | 3 243 000 |
| 24.2 | қамту ені 5 метрден басталатын | 10 359 000 |
| 25 | Саңылау салғыш | 10 949 000 |
| 26 | Қопсытқыш тырнауыштар | 1 215 000 |
| 27 | Көлденең гидравликалық тырнауыштар: | |
| 27.1 | өамту ені 9,9 метрге дейін | 1 078 000 |
| | | |

| | | |
|---|---|---|
| 27.2 | өамту ені 10 метрден басталатын | 1 948 000 |
| 28 | Тракторға арналған құрамалы әмбебап аспа | 2 008 000 |
| 28.1 | айыр | 498 000 |
| 28.2 | шөміш | 375 000 |
| 28.3 | жалдағыш | 823 000 |
| 29 | Трактор тіркемесі: | |
| 29.1 | жүк көтергіштігі 6 тоннаға дейін | 4 350 000 |
| 29.2 | жүк көтергіштігі 6,1 тоннадан басталатын | 9 445 000 |
| 30 | Пресс-жинауыш: | |
| 30.1 | орамалы | 4 450 000 |
| 30.2 | бума | 6 900 000 |
| 31 | Шөп шапқыштар, шөпшапқы-жаныштауыш: | |
| 31.1 | қамту ені 3,9 метрге дейін | 1 738 000 |
| 31.2 | қамту ені 4-5,9 метр | 1 593 000 |
| 31.3 | қамту ені 6 метрден басталатын | 2 793 000 |
| 32 | Бүріккіш: | |
| 32.1 | тіркемелі | 14 103 000 |
| 32.2 | өздігінен жүретін: | |
| 32.2.1 | сыйымдылығы 1501-2400 литр | 53 989 000 |
| 32.2.2 | сыйымдылығы 2401 литрден бастап | 90 623 000 |
| 32.3 | бүріккіш жабдық жиынтығы (көліктік шассиге орнату үшін) | 25 310 000 |
| 33 | Малды бекітуге арналған станок | 1 855 000 |

Ескертпе:

| | | | |
|---|---|---|---|
| * өздігінен жүретін техника мен машиналардың субсидиясын есептеу үшін 1 және 1.1 паспорттар жобасында техниканы, машинаны және (немесе) жабдықты сатып алуды растайтын құжатта көрсетілген қозғалтқыштың номиналды қуаты пайдаланылады.<br>** астық жинайтын комбайндарға субсидияларды есептеу үшін жол берілетін ең жоғары құнында орақ құны көзделген.<br>Астық жинайтын комбайнды дестелегішсіз сатып алған жағдайда, дестелегіштің құнын есепке алмай, субсидияны есептеуге жол беріледі | | | |
| № 1.2 "Аспалы және тіркемелі ауыл шаруашылығы техникасын сатып алу" жобасының паспорты* | | | |
| Р/с № | Техника мен жабдықтың атауы және техникалық сипаттамасы | Инвестициялық салымдарды өтеу үлесі % | Техника/машиналар/жабдықтар бірлігіне арналған субсидияларды есептеу үшін ең жоғарғы рұқсат етілетін құн, қума метр, теңге |
| 1 | Дәнді және дәнді-бұршақты дақылдарды егуге арналған сепкіш: | | |
| 1.1 | қамту ені 3 (қоса есептегенде) метрге дейін | 15% | 2 488 000 |
| 1.2 | қамту ені 3,1 (қоса есептегенде) метрден басталатын | 15% | 7 162 000 |
| 2 | Пневматикалық/егіс кешені: | | |
| 2.1 | қамту ені 6 (қоса есептегенде) метрге дейін | 15% | 51 509 000 |
| 2.2 | қамту ені 6,1 метрден 12 (қоса есептегенде) метрге дейін | 15% | 149 514 000 |
| 2.3 | қамту ені 12,1 (қоса есептегенде) метрден басталатын | 15% | 184 281 000 |
| 3 | Соқа (үш және одан да көп корпусты): | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 3.1 | қамту ені 4,0 (қоса есептегенде) метрге дейін | 15% | 2 245 000 |
| 3.2 | қамту ені 4,1 (қоса есептегенде) метрден басталатын | 15% | 19 000 000 |
| 4 | Дискілі/ротациялы тырма: | | |
| 4.1 | қамту ені 6,0 (қоса есептегенде) метрге дейін | 15% | 12 099 000 |
| 4.2 | қамту ені 6,1 (қоса есептегенде) метрден басталатын | 15% | 18 957 000 |
| 5 | Серіппелі тырма: | 15% | 17 000 000 |
| 6 | Тісті тырма: | | |
| 6.1 | қамту ені 12 (қоса есептегенде) метрге дейін | 15% | 5 830 000 |
| 6.2 | қамту ені 12,1-ден 20 (қоса есептегенде) метрден басталатын | 15% | 11 438 000 |
| 6.3 | қамту ені 20,1 (қоса есептегенде) метрден басталатын | 15% | 23 863 000 |
| 7 | Қопсытқыш | 15% | 34 764 000 |
| 8 | Тіркемелі/аспалы дестелегіш: | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 8.1 | 6 - 9 метрден басталатын дестелегіш | 15% | 27 723 000 |
| 8.2 | 9 , 1 метрден басталатын дестелегіш | 15% | 42 817 000 |
| 9 | Пресс-жинауыш: | | |
| 9.1 | орамалы | 15% | 18 367 000 |
| 10 | Шөп шапқыштар, шөпшапқы-жаныштауыштар, дискілі шөп шапқыштар: | | |
| 10.1 | қамту ені 8,0 (қоса есептегенде) метрге дейін | 15% | 6 170 000 |
| 10.2 | қамту ені 8,1 (қоса есептегенде) метрден бастап | 15% | 36 311 000 |
| 11 | Комбайнға платформа-жинауыш: | | |
| 11.1 | ені 4,0 (қоса есептегенде) тоннаға дейін | 15% | 6 069 000 |
| 11.2 | ені 4,1 (қоса есептегенде) тоннадан бастап | 15% | 30 827 000 |
| Ескертпе:<br>* субсидиялау 2024 жылғы 25 мамырға дейін сатып алынған техника, машиналар мен жабдықтар бойынша (қоса алғанда) жүзеге асырылады | | | |
| № 2 "Селекциялық-тұқым шаруашылығы техникасы мен жабдығын сатып алу" жобасының паспорты* | | | |
| Инвестициялық салымдардың өтеу үлесі – 50 % | | | |
| Р/с № | Техника мен жабдықтың атауы және техникалық | | |

| | | |
|---|---|---|
| | сипаттамасы | Техника мен жабдықтың бірлігіне арналған субсидияларды есептеу үшін ең жоғарғы рұқсат етілетін құн, теңге |
| 1 | Селекциялы қ комбайндар** : | |
| 1.1 | қуаты 52 ат күші | 102 169 643 |
| 1.2 | өлшеу жүйесі бар қуаты 52 ат күші | 149 138 393 |
| 1.3 | қуаты 75 ат күші | 227 575 893 |
| 1.4 | өлшеу жүйесі бар қуаты 115 ат күші | 264 486 607 |
| 1.5 | қуаты 185 ат күші | 196 875 000 |
| 1.6 | өлшеу жүйесі бар қуаты 185 ат күші | 187 151 786 |
| 2 | Селекциялық тұқым сепкіштер**: | |
| 2.1 | жалпылай себетін | 40 660 714 |
| 2.2 | отамалы | 49 714 286 |
| 2.3 | кассеталық | 96 955 357 |
| 2.4 | өздігінен жүретін | 80 852 679 |
| 2.5 | пунктирлі себетін | 76 883 929 |
| 2.6 | қолмен тұқым сепкіш | 6 308 036 |
| 3 | селекциялық-тұқым шаруашылы ғы жабдығы: | |
| | 3 килограммға дейінгі шағын тұқым | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 3.1 | партиялары н ылғалды дәрілеуге арналған машина | 9 004 464 | |
| 3.2 | өнімділігі сағатына 1 0 килограмнан бастап 5 0 килограмға дейінгі тұқымдар партиялары н ылғалды дәрілеуге арналған машина | 12 125 000 | |
| 3.3 | өнімділігі сағатына 3 0 0 килограмға дейінгі масақ бастырғыш | 11 026 786 | |
| 3.4 | жеке масақтар мен шағын бауларға арналған масақ бастырғыш | 10 138 393 | |
| 3.5 | өнімділігі сағатына 3 0 0 килограмға дейінгі бір собықтық бастырғыш | 12 022 321 | |
| 3.6 | 2 барабанасты лық байламдық бастырғыш | 14 535 714 | |
| 3.7 | астық сынамаларын 6 бөлікке бөлуге | 5 776 786 | |

| | | |
|---|---|---|
| | арналған сынама бөлгіш | |
| 3.8 | зертханалық тұқым есептегіш | 7 508 929 |
| 3.9 | зертханалық ұсақтағыш | 16 151 786 |
| 3.10 | егіс материалын есептегіш | 15 169 643 |
| 3.11 | сағатына 50 килограмға дейін тұқымдарды ұқыпты тазалау және сұрыптауға арналған зертханалық машина | 6 281 250 |

Ескертпе: * "Тұқым шаруашылығы туралы" Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – Тұқым шаруашылығы туралы заң) сәйкес қызметін жүзеге асыратын, аттестатталған бірегей тұқым өндірушілер мен элиталық тұқым шаруашылықтары сатып алған техника мен жабдықтар субсидияланады. ** Селекциялық техника аттестатталған бірегей тұқым өндірушілерде және элиталық тұқым шаруашылықтарында бар ұрпақтарын сынау питомниктері мен көбейту питомниктерінің алаңын ескере отырып субсидияланады. Селекциялық техниканың бір бірлігі ұрпақтарын сынау питомниктері мен көбейту питомниктері алаңының әр 20 гектарына есептеледі. Бір түрдегі техниканың келесі бірлігін субсидиялауға алаң белгіленген нормативтен 50 % асып кеткен жағдайда рұқсат етіледі.

№ 3 "Тұқым тазарту-сұрыптау жабдығын сатып алу" жобасының паспорты*

Инвестициялық салымдарды өтеу үлесі – 50 %

| Р/с № | Техника мен жабдықтың атауы және техникалық сипаттамасы | Жабдықтың бір бірлігіне арналған субсидияларды есептеу үшін ең жоғары рұқсат етілетін құн, теңге |
|---|---|---|
| | Шеф-монтаждау және іске қосу-ретке келтіру жұмыстарын қоса алғанда, өнімділігі сағатына 5 тоннаға дейін тұқымдық тазалау кезіндегі тұқым тазалау-сұрыптау жабдығы ( Еуропа өндірісінің модельдері). Желі тұқымдарды қабылдауға, бастапқы тазалау мен сұрыптауға арналған жабдықты (жоғарғы тор жазықтығын қырғыш транспортермен | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 1 | тазалайтын бастапқы сепаратор**, жоғарғы тор жазықтығын қырғыш транспортермен тазалайтын екінші сепаратор, фотосепаратор**, дражиратор**, триерлі блок, пневмоүстел), дәрілегішті, тұқым мен қалдықтарды тасымалдауды** (норилер, шынжырлы және таспалы транспортерлер), өздігінен ағатын құбырларды**, аспирациялық құбырларды**, циклондарды**, кешенді автоматтандыруды (басқару шкафы және кабельді материал) қамтиды. | 344 048 | 812 |
| 2 | Шеф-монтаждау және іске қосу-ретке келтіру жұмыстарын қоса алғанда, тұқымдық тазарту кезіндегі өнімділігі сағатына 5,1 тоннадан 10 тоннаға дейін тұқым тазалау-сұрыптау жабдығы (Еуропа өндірісінің модельдері). Желі тұқымдарды қабылдауға, бастапқы тазалау мен сұрыптауға арналған жабдықты (жоғарғы тор жазықтығын қырғыш транспортермен тазалайтын бастапқы сепаратор**, жоғарғы тор жазықтығын қырғыш транспортермен тазалайтын екінші сепаратор, фотосепаратор**, дражиратор**, триерлі блок, пневмоүстел), дәрілегішті, тұқым мен қалдықтарды тасымалдауды** (норилер, шынжырлы және таспалы транспортерлер), өздігінен ағатын құбырларды**, аспирациялық құбырларды**, циклондарды**, кешенді автоматтандыруды (басқару шкафы және кабельді материал) қамтиды. | 397 915 | 504 |
| 3 | Шеф-монтаждау және іске қосу-ретке келтіру жұмыстарын қоса алғанда, тұқымдық тазарту кезіндегі өнімділігі сағатына 10,1 тоннадан 20 тоннаға дейін тұқым тазалау-сұрыптау жабдығы (Еуропа өндірісінің модельдері). Желі тұқымдарды қабылдауға, бастапқы тазалау мен сұрыптауға арналған жабдықты (бастапқы сепаратор, торлы стан, екінші сепаратор, фотосепаратор**, дражиратор**, триерлі блок, пневмоүстел), дәрілегішті, торлардың жұмыс жазықтықтарын тазалауды, тасымалдауды (транспортерлер, норилер, шынжырлы және таспалы транспортерлер), өздігінен ағатын құбырлар жиынтығын, аспирациялық құбырларды, айқастыру клапандары, автотиеуге арналған таратқыш**), улағышты**, қаптарға салуды** кешенді автоматтандыруды (басқару шкафы және кабельді материал) қамтиды. | 591 228 | 780 |
| 4 | Шеф-монтаждау және іске қосу-ретке келтіру жұмыстарын қоса алғанда, тұқым тазалау кезінде өнімділігі сағатына 5 тоннаға дейін болатын тұқым тазалау-сұрыптау жабдығы ( Қазақстан, Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы, Украина өндірісінің модельдері). Желі тұқымдарды қабылдауға, бастапқы тазалау мен сұрыптауға арналған жабдықты (жоғарғы тор жазықтығын қырғыш транспортермен тазалайтын бастапқы сепаратор**, жоғарғы тор жазықтығын қырғыш транспортермен тазалайтын екінші сепаратор, триерлі блок, пневмоүстел), дәрілегішті, тұқым мен қалдықтарды тасымалдауды** (норилер, шынжырлы және таспалы транспортерлер), өздігінен ағатын құбырларды**, аспирациялық құбырларды **, циклондарды**, кешенді автоматтандыруды (басқару шкафы және кабельді материал) қамтиды. | 134 037 | 623 |
| 5 | Шеф-монтаждау және іске қосу-ретке келтіру жұмыстарын қоса алғанда, тұқым тазалау кезінде өнімділігі сағатына 5,1 тоннадан 10 тоннаға дейін болатын тұқым тазалау-сұрыптау жабдығы (Қазақстан, Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы, Украина өндірісінің модельдері). Желі тұқымдарды қабылдауға, бастапқы тазалау мен сұрыптауға арналған жабдықты ( жоғарғы тор жазықтығын қырғыш транспортермен тазалайтын бастапқы сепаратор**, жоғарғы тор жазықтығын қырғыш транспортермен тазалайтын екінші сепаратор, триерлі блок, пневмоүстел), дәрілегішті, тұқым мен қалдықтарды тасымалдауды** (норилер, шынжырлы және таспалы транспортерлер), өздігінен ағатын құбырларды**, аспирациялық құбырларды**, циклондарды**, кешенді автоматтандыруды (басқару шкафы және кабельді материал) қамтиды. | 162 608 | 201 |
| 6 | Шеф-монтаждау және іске қосу-ретке келтіру жұмыстарын қоса алғанда, тұқым тазалау кезінде өнімділігі сағатына 10,1 тоннадан 20 тоннаға дейін болатын тұқым тазалау-сұрыптау жабдығы (Қазақстан, Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы, Украина өндірісінің модельдері). Желі тұқымдарды қабылдауға, бастапқы тазалау мен сұрыптауға арналған жабдықты ( жоғарғы тор жазықтығын қырғыш транспортермен тазалайтын бастапқы сепаратор**, жоғарғы тор жазықтығын қырғыш транспортермен тазалайтын екінші сепаратор, триерлі блок, пневмоүстел), дәрілегішті, тұқым мен қалдықтарды тасымалдауды** (норилер, | | |

| | | |
|---|---|---|
| | шынжырлы және таспалы транспортерлер), өздігінен ағатын құбырларды**, аспирациялық құбырларды**, циклондарды**, кешенді автоматтандыруды (басқару шкафы және кабельді материал) қамтиды. | 162 469 466 |

Ескертпе: * Тұқым шаруашылығы туралы заңға сәйкес қызметін жүзеге асыратын, аттестатталған бірегей тұқым өндірушілер мен элиталық тұқым шаруашылықтары сатып алған техника мен жабдықтар;
** қажет болған жағдайда жабдық сатып алу субсидияланады.

№ 4 "Жайылымдарды суландыру инфрақұрылымын құру және мал өсіруші шаруашылықтарды сумен ( құдықтар, ұңғымалар) қамтамасыз ету" жобасының паспорты

Инвестициялық салымдарды өтеу үлесі – 50%

| Р/с № | Объектінің атауы және техникалық сипаттамасы | Өлшем бірлігі | Ең жоғары рұқсат етілетін құн, теңге/өлшем бірлігі |
|---|---|---|---|
| 1 | Мал суару пунктінің құрылысы ( төмендегілердің бірі): | қума метр | |
| 1.1 | шахталы құдық ( құдық тереңдігіне қарамастан субсидиялауға арналған шекті тереңдік 20 метрден аспайды) | | 50 000 |
| 1.2 | құбырлы құдық ( ұңғыма) субсидияланатын рұқсат етілген тереңдік 50 метрден аспайды; | | 40 000 |
| | шөл және шөлейт аймақтар үшін – 375 метрден аспайды | | 70 000 |

Ескертпе: * Бір құдықтың суландыру ауданы 2000 гектарға дейін жайылымды құрайды.
** Инвестордың субсидиялауға өтінім берген сәтте бір құдыққа кемінде 50 шартты ірі қара мал басының болуы.
2024 жылғы 1 қаңтарға дейін салынған құдықтарды қоспағанда, құбырлы құдықты (ұңғыманы) қазу кезінде құбырдың диаметрі кемінде 168 миллиметр және құбыр қабырғасының қалыңдығы кемінде 5 миллиметр болуға тиіс. Шарттағы міндетті тармақ мердігердің бір жыл ішінде объектінің паспортында көрсетілген судың дебетін қамтамасыз ету жөніндегі кепілдігі болып табылады.

№ 5 "Мал бордақылауға арналған объектілерді құру және кеңейту" жобасының паспорты

Инвестициялық салымдарды өтеу үлесі – 25%

| | | | |
Ескертпе: Инвестициялық жобаның құны жобалау-сметалық құжаттамаға сәйкес айқындалады. Егер инвестициялық жоба жобалау-сметалық құжаттама әзірлемей, жабдықтың жекелеген түрлерін сатып алуды және монтаждауды ғана көздесе, онда сатып алынған жабдық сатып алу-сату шарттары (лизинг), жабдықтарды жеткізу және (немесе) монтаждау шарттары, сондай-ақ ілеспе құжаттар (кедендік декларациясы, шот-фактуралар, төлемді растайтын құжаттар) бойынша қуат бірлігіне арналған субсидияларды есептеу үшін белгіленген жол берілетін ең жоғары құн және жабдық құнының инвестициялық салымдарды өтеу үлесі шегінде субсидиялануға тиіс.

№ 25 "Картоп өңдеу жөніндегі кәсіпорынды салу" жобасының паспорты

Инвестициялық салымдарды өтеу үлесі – 25%

| Құрылыс-монтаждау жұмыстарының, жабдықтың атауы және техникалық сипаттамасы | Жоба қуатының өлшем бірлігі | Қуат бірлігіне субсидияларды есептеу үшін ең жоғары рұқсат |
|---|---|---|

| | | |
|---|---|---|
| | | етілген құн, теңге |
| Картоп өңдеу жөніндегі кәсіпорын картопты, өңделген өнімдердің (картоп чипсілері, фри картобы, жартылай фабрикат) бір және (немесе) бірнеше түрін өндіруге қажетті жабдықтары бар өндірістік кешенді қамтиды. Инвестициялық жобаның құны жобалау-сметалық құжаттамаға сәйкес айқындалады: жылына 140 000 тоннадан басталатын шикізат өңдейтін кәсіпорын салу | бір кәсіпорынға | 10 588 666 600 |

№ 26 "Май-тоңмай өнімдерін өндіру жөніндегі кәсіпорынды салу және (немесе) кеңейту" жобасының паспорты

Инвестициялық салымдарды өтеу үлесі – 25%

| Құрылыс-монтаждау жұмыстарының, жабдықтың атауы және техникалық сипаттамасы | Жоба қуатының өлшем бірлігі | Қуаттылықтың бір бірлігіне арналған субсидияларды есептеу үшін барынша рұқсат етілетін құн, теңге |
|---|---|---|
| Майлы дақылдарды өңдеуге және (немесе) май-тоңмай өнімдерін өндіруге қажетті жабдықтары бар кәсіпорын. Субсидия есептеу талаптары: | | |
| қуаты тәулігіне 500 тоннадан басталатын майлы дақылдарды өңдейтін кәсіпорын құрылысы кезінде | тәулігіне 1 тонна | 8 313 471 |
| *ауыл шаруашылығы кооперативтері қуаты тәулігіне 100 тоннадан басталатын майлы дақылдарды өңдейтін кәсіпорынды салған кезінде | | 9 987 336 |
| қуаты тәулігіне 100 тоннадан басталатын майлы дақылдарды өңдейтін қолданыстағы кәсіпорынды кеңейту кезінде | | 3 902 360 |
| өсімдік майын қоспағанда, тағамдық май-тоңмай өнімдерін өндіруге арналған, қуаты тәулігіне 100 тонна шикізат өңдейтін қолданыстағы кәсіпорынды кеңейту кезінде | | 18 764 052 |
| Қуаты тәулігіне 3 тоннадан басталатын тағамдық емес май-тоңмай өнімдерін (түйіршіктер) өндіруге арналған өсімдіктерден және жануарлардан алынатын майларды өңдеуге қажетті жабдықтары бар кәсіпорын салу | тәулігіне 1 тонна | 207 100 416 |

Ескертпе: Инвестициялық жобаның құны жобалау-сметалық құжаттамаға сәйкес айқындалады. Егер, инвестициялық жоба жобалау-сметалық құжаттама әзірлемей, жабдықтың жекелеген түрлерін сатып алуды және монтаждауды ғана көздесе, сатып алынған жабдық сатып алынған жабдық сатып алу-сату шарттары (лизинг), жабдықтарды жеткізу және (немесе) монтаждау шарттары, сондай-ақ ілеспе құжаттар (кедендік декларациясы, шот-фактуралар, төлемді растайтын құжаттар) бойынша қуат бірлігіне арналған субсидияларды есептеу үшін белгіленген жол берілетін ең жоғары құн және жабдық құнының инвестициялық салымдарды өтеу үлесі шегінде субсидиялануы тиіс.

*Осы жобаның паспорты шеңберінде бір ауыл шаруашылығы кооперативінен тек бір өтінім ғана субсидияланады

2026 жылғы 1 қаңтардан бастап жаңа өндіріс қуаттылықтарын құруға арналған инвестициялық жобалар бойынша инвестициялық салымдардың бір бөлігін өтеу алынып тасталады.

Бұл ретте, пайдалануға енгізілген және инвестициялық субсидияларды бірінші траншпен 2026 жылғы қаңтарға дейін алған инвестициялық жобалар бойынша осы Қағидалардың 16-тармағының 2)

| | | | |
|---|---|---|---|
| тармақшасына сәйкес инвестициялық субсидияларды 2026 жылғы 1 қаңтардан кейін екінші траншпен алуға жол беріледі. | | | |
| № 27 "Дәнді дақылдардың өңделген өнімдерін өндіру жөніндегі кәсіпорынды құру және кеңейту" жобасының паспорты" | | | |
| Инвестициялық салымдарды өтеу үлесі – 25% | | | |
| Р/с № | Құрылыс-монтаждау жұмыстарының, жабдықтың атауы және техникалық сипаттамасы | Жоба қуатының өлшем бірлігі | Қуаты бірлігіне субсидияларды есептеуге арналған ең жоғары жол берілетін құн, теңге |
| 1 | Жарма өнімінің және ( немесе) құрғақ таңғы астың бір және бірнеше түрлерін өндіруге қажетті жабдықтары бар астық өңдеу жөніндегі кәсіпорын. Субсидия есептеу талаптары : | | |
| | өңдеу қуаты сағатына 2 тоннадан басталатын шикізат өңдейтін жарма өнімдерін өндіруге арналған кәсіпорын салу кезінде | сағатына 1 тонна | 838 241 450 |
| | өңдеу қуаты сағатына 2 тоннадан басталатын шикізат өңдейтін жарма өнімдерін өндіруге арналған жұмыс істеп тұрған кәсіпорынды кеңейту кезінде | | 102 818 435 |
| | қуаты сағатына 0,2 тоннадан басталатын құрғақ таңғы ас өндіру жөніндегі кәсіпорын салу кезінде | сағатына 1 тонна | 1 500 000 000 |
| | қуаты сағатына 0,2 тоннадан басталатын құрғақ таңғы ас өндіру жөніндегі жұмыс істеп тұрған кәсіпорынды кеңейту кезінде | | 1 200 000 000 |
| 2 | Бір және (немесе) бірнеше өнім түрлерін өндіруге қажетті жабдығы бар макарон өнімдерін өндіруге арналған астықты/ ұн өңдеу жөніндегі кәсіпорын. Субсидия есептеу талаптары : | | |
| | өңдеу қуаты сағатына 1 тоннадан басталатын шикізат өңдеу кәсіпорнын салу кезінде | | 600 000 000 |
| | | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | өңдеу қуаты сағатына 1 тоннадан басталатын шикізат өңдейтін жұмыс істеп тұрған кәсіпорынды кеңейту кезінде | сағатына 1 тонна | 512 244 000 |
| | қуаты сағатына 0,2 тоннадан басталатын глютенсіз макарон өндіретін кәсіпорынды салу кезінде | сағатына 1 тонна | 1 212 146 835 |
| Ескертпе: Инвестициялық жобаның құны жобалау-сметалық құжаттамаға сәйкес айқындалады. Егер, инвестициялық жоба жобалау-сметалық құжаттама әзірлемей, жабдықтың жекелеген түрлерін сатып алуды және монтаждауды ғана көздесе, сатып алынған жабдық сатып алу-сату шарттары (лизинг), жабдықтарды жеткізу және (немесе) монтаждау шарттары, сондай-ақ ілеспе құжаттар (кедендік декларациясы, шот-фактуралар, төлемді растайтын құжаттар) бойынша қуат бірлігіне арналған субсидияларды есептеу үшін белгіленген жол берілетін ең жоғары құн және жабдық құнының инвестициялық салымдарды өтеу үлесі шегінде субсидиялануы тиіс. | | | |

№ 27.1 "Өсімдік шаруашылығы өнімдерін тереңдете өңдеу жөніндегі кәсіпорынды құру және кеңейту" жобасының паспорты

| Р/с № | Құрылыс-монтаждау жұмыстарының, техника мен жабдықтың атауы және техникалық сипаттамасы | Жоба қуаттылықтарының өлшем бірлігі | Қуаты бірлігіне субсидияларды есептеуге арналған ең жоғары жол берілетін құн, теңге |
|---|---|---|---|
| Технологиялық күрделілігі жоғары өнім өндіру үшін инвестициялық салымдарды өтеу үлесі* – 50% (бұл ретте толық технологиялық циклде жоғары технологиялық күрделіліктегі өнімдерге жатқызылмаған өнімді өндіру үшін инвестициялық салымдарды өтеу үлесі – 25%);<br>Технологиялық күрделілігі жоғары өнімдерге жатқызылмаған өнімді өндіру үшін инвестициялық салымдарды өтеу үлесі – 25% | | | |
| 1 | Тереңдете өңдеу өнімдерінің бір және ( немесе) бірнеше түрін өндіруге қажетті жабдығы бар кәсіпорындар.<br>Субсидия есептеу талаптары: | | |
| | қуаттылығы тәулігіне 170 тонна шикізаттан басталатын дәнді дақылдарды тереңдете өңдеу жөніндегі (тауарлық ұн өндіру үшін астық өңдеуді қоспағанда) жұмыс істеп тұрған кәсіпорынды салу/кеңейту кезінде | тәулігіне 1 тонна | 9 000 000 |
| | негізгі дайын өнім бойынша қуаттылығы тәулігіне 7 тоннадан басталатын майлы дақылдарды тереңдете өңдеу жөніндегі жұмыс істеп тұрған кәсіпорынды салу/ кеңейту кезінде | тәулігіне 1 тонна | 563 386 533 |
| Ескертпе: Инвестициялық жобаның құны жобалау-сметалық құжаттамаға сәйкес айқындалады. Егер инвестициялық жоба жобалау-сметалық құжаттама әзірлемей, жабдықтың жекелеген түрлерін сатып алуды және монтаждауды ғана көздесе, онда сатып алынған жабдық сатып алу-сату шарттары (лизинг), жабдықтарды жеткізу және (немесе) монтаждау шарттары, сондай-ақ ілеспе құжаттар (кедендік жүк декларациясы, шот-фактуралар, төлемді растайтын құжаттар) бойынша қуат бірлігіне арналған субсидияларды есептеу үшін белгіленген жол берілетін ең жоғары құн және жабдық құнының инвестициялық салымдарды өтеу үлесі шегінде субсидиялануға тиіс.<br>*Субсидиялау келесі технологиялық күрделілігі жоғары өнімдерді өндіру кезінде жүзеге асырылады:<br>Модификацияланған крахмалдар<br>Глюкоза және глюкоза шәрбаты | | | |

| | | |
|---|---|---|
| Фруктоза және фруктоза шәрбаты<br>Мальтоза және мальтоза шәрбаты<br>Мальтодекстрин*<br>Ақуызды (протеинды) концентраттар<br>Соя изоляты<br>Лимон қышқылы<br>Лецитин және өсімдік фосфолипидтері<br>Оттекті функционалдық топты қамтитын амин қосылыстары, лизин және глютамин қышқылынан басқа<br>Лизин, глутамин қышқылы және тұздары.<br>Технологиялық күрделілігі жоғары өнімдердің тізбесі Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 2022 жылғы 20 мамырдағы № 273 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 28242 болып тіркелген) бекітілген Басым тауарлар тізбесіне енгізу үшін тауарды қайта бөлу деңгейін бағалау әдістемесіне сәйкес жасалған. | | |
| № 28 "Қант өндіру жөніндегі кәсіпорынды құру және кеңейту" жобасының паспорты | | |
| Инвестициялық салымдарды өтеу үлесі – 40% | | |
| Құрылыс-монтаждау жұмыстарының, техника мен жабдықтың атауы және техникалық сипаттамасы | Жоба қуатының өлшем бірлігі | Қуат бірлігіне субсидияларды есептеу үшін ең жоғары рұқсат етілген құн, теңге |
| 1. Шикізатты қабылдауға және өңдеуге қажетті жабдығы бар қант қызылшасын өңдеу жөніндегі кәсіпорын. Субсидияны есептеу шарттары: | | |
| өңдеу қуаты тәулігіне 5000 тоннадан басталатын шикізат өңдеу жөніндегі кәсіпорынды салу кезінде | 1 тонна тәулігіне | 8 750 000 |
| өңдеу қуаты тәулігіне 1600 тоннадан басталатын шикізат өңдеу жөніндегі жұмыс істеп тұрған кәсіпорынды кеңейту кезінде | | 3 615 384 |
| 2. Қант қызылшасын қабылдау пункті: | | |
| автомобиль өлшейтін таразы | 1 тонна | 97 125 |
| шикізат зертханасының жабдығы | 1 бірлік | 330 000 |
| үйінді тегістеуші машина | тонна/сағ | 767 148 |
| белсенді желдету жабдығы | тонна/сағ | 83 000 |
| 3. Сығынды өңдеу желісі (престеу) | 1 тонна тәулігіне | 106 783 |
| Сығынды өңдеу желісі (түйіршіктеу) | 1 тонна тәулігіне | 2 082 753 |
| Ескертпе: Инвестициялық жобаның құны жобалау-сметалық құжаттамаға сәйкес айқындалады. Егер инвестициялық жоба жобалау-сметалық құжаттама әзірлемей, техника мен жабдықтың жекелеген түрлерін сатып алуды және монтаждауды ғана көздесе, онда сатып алынған техника мен жабдық сатып алу-сату шарттары (лизинг), жабдықтарды жеткізу және (немесе) монтаждау шарттары, сондай-ақ ілеспе құжаттар (кедендік декларациясы, шот-фактуралар, төлемді растайтын құжаттар) бойынша қуат бірлігіне арналған субсидияларды есептеу үшін белгіленген жол берілетін ең жоғары құн және жабдық құнының инвестициялық салымдарды өтеу үлесі шегінде субсидиялануы тиіс. | | |
| № 29 "Қуаты жылына 2 000 тонна өнімнен басталатын нан-тоқаш және/немесе кондитерлік өнімдер өндіру жөніндегі кәсіпорынды кеңейту" жобасының паспорты | | |
| Инвестициялық салымдарды өтеу үлесі – 25% | | |
| | Өлшем бірлігі | |

| Жабдықтың атауы және техникалық сипаттамасы | жобаның қуаты | Қуат бірлігіне субсидияларды есептеу үшін ең жоғары рұқсат етілген құн, теңге |
|---|---|---|
| Нан-тоқаш және/немесе кондитерлік өнімдерді өндіруге арналған желі | Жылына 1 тонна дайын өнім | 2 040 000 |
| Ескертпе: Инвестициялық жобаның құны жобалау-сметалық құжаттамаға сәйкес анықталады. Егер инвестициялық жоба жобалау-сметалық құжаттама әзірлемей, жабдықтың жекелеген түрлерін сатып алуды және монтаждауды ғана көздесе, онда сатып алынған жабдық сатып алу-сату шарттары (лизинг), жабдықтарды жеткізу және (немесе) монтаждау шарттары, сондай-ақ ілеспе құжаттар (кедендік декларациясы, шот-фактуралар, төлемді растайтын құжаттар) бойынша қуат бірлігіне арналған субсидияларды есептеу үшін белгіленген жол берілетін ең жоғары құн және жабдық құнының инвестициялық салымдарды өтеу үлесі шегінде субсидиялануға тиіс. | | |
| № 30 "Өндірістік қуатын жылына 50 миллион жұмыртқадан бастап ұлғайта отырып жұмыртқалы құс фабрикаларын кеңейту" жобасының паспорты | | |
| Инвестициялық салымдарды өтеу үлесі – 25% | | |

| Техниканың, жабдықтың атауы және техникалық сипаттамасы | Өлшем бірлігі жобаның қуаты | Қуат, техника, жабдық бірлігіне субсидияларды есептеу үшін ең жоғары рұқсат етілген құн теңге |
|---|---|---|
| Мекиен-тауықтар қорасы | бір құс қорасының 1 шаршы метріне | 57 160 |
| Балапандар қорасы | | 62 560 |
| Жұмыртқа қоймасы | 1 шаршы метрге | 80 400 |
| Инфрақұрылым және жобалау-сметалық құжаттама | | 302 343 584 |
| Жабдық: | | |
| Технологиялық жабдық - құс басын толықтырушы балапан төлін ұстауға арналған тор жабдық | құс орны | 1 790 |
| Технологиялық жабдық - өнеркәсіптік мекиенді ұстауға арналған тор жабдық | құс орны | 2340 |
| Жұмыртқа сұрыптауыш машина 90 000 жұмыртқа/сағат | 1 бірлік | 352 296 000 |
| Жұмыртқа сұрыптауыш машина 45 000 жұмыртқа/сағат | | 187 886 250 |
| Құсты сою жабдығы 1 500 бас/сағат | | 53 020 468 |
| Сойылған құстың саңғырықтарын өңдеу жабдығы | | 29 568 000 |
| Тоңазытқыш жабдығы | | 23 988 000 |
| Техника: | | |
| Жем тасушы | 1 бірлік | 21 518 000 |
| Жұмыртқа тасушы - рефрежератор | | 14 000 000 |
| Трактор | | 6 855 000 |
| Ашалы тиегіш | | 11 250 000 |
| Фронтальді тиегіш | | 8 000 000 |
| | | |

| | | |
|---|---|---|
| Жүк тасығыш | | 17 273 000 |

№ 31 "Топырақты талдау жөніндегі агрохимиялық зертханалар үшін жабдық сатып алу" жобасының паспорты

Инвестициялық салымдарды өтеу үлесі – 25%

| Р/с № | Техника мен жабдықтың атауы және техникалық сипаттамасы | Субсидияларды есептеу үшін ең жоғары рұқсат етілген құн, теңге |
|---|---|---|
| 1 | Қажетті жабдықтар: автосамплері бар бөлшектелген ағынды автоматты талдағышпен, жаппай сынама дайындауға арналған жабдықпен, спектрофотометрмен, органикалық көміртекті (гумусты) жаппай талдауға арналған жабдықпен, компрессоры бар жалынды фотометрмен және газға арналған манометрмен, топырақ сынамаларын ұнтақтауға арналған диірменмен, зертханалық аквадистиллятормен, аналитикалық таразылармен, термостатпен, кептіру шкафымен, сору жабдығымен жарақталған топырақты агрохимиялық талдау зертханасы | 226 625 446 |
| 2 | Автосамплері бар индуктивті-байланысқан плазмасы бар атомдық-эмиссиялық спектрометр | 37 000 000 |
| 3 | Автоматты түрде топырақ сынамасын алушы | 9 719 000 |
| 4 | Автоматты түрде зертханалық ыдыс жуғыш машина | 7 011 750 |

№ 32 "Тауық жұмыртқасын өңдеу зауытын құру және кеңейту" жобасының паспорты

Инвестициялық салымдарды өтеу үлесі – 40%

| Құрылыс-монтаждау жұмыстарының, жабдықтың атауы және техникалық сипаттамасы | Жоба қуатының өлшем бірлігі | Қуаттылықтың бір бірлігіне арналған субсидияларды есептеу үшін барынша рұқсат |
|---|---|---|

| | | |
|---|---|---|
| | | етілетін құн, теңге |
| Объектіге қызмет көрсету үшін қажетті техникасы мен жабдықтары бар, технологиялық жабдығы, ғимараттары мен құрылысжайлары, инфрақұрылымы және тіршілік ету жүйелерінің жабдықтары бар жұмыртқа өндейтін кәсіпорын. Инвестициялық жобаның құны жобалау-сметалық құжаттамаға сәйкес айқындалады: | жұмыртқа тәулігіне | |
| құрылыс кезінде | | 5 863 |
| кеңейту кезінде | | 4 667 |
| Ескертпе: Инвестициялық жобаның құны жобалау-сметалық құжаттамаға сәйкес айқындалады. Егер инвестициялық жоба жобалау-сметалық құжаттама әзірлемей, жабдықтың жекелеген түрлерін сатып алуды және монтаждауды ғана көздесе, онда сатып алынған жабдық сатып алу-сату шарттары (лизинг), жабдықтарды жеткізу және (немесе) монтаждау шарттары, сондай-ақ ілеспе құжаттар (кедендік декларациясы, шот-фактуралар, төлемді растайтын құжаттар) бойынша қуат бірлігіне арналған субсидияларды есептеу үшін белгіленген жол берілетін ең жоғары құн және жабдық құнының инвестициялық салымдарды өтеу үлесі шегінде субсидиялануға тиіс. | | |

Қазақстан Республикасының
Ауыл шаруашылығы министрі
2025 жылғы 13 ақпандағы
№ 49 бұйрығына
3-қосымша

Инвестициялық салымдар
кезінде агроөнеркәсіптік кешен
субъектісі шеккен шығыстардың
бір бөлігін өтеу бойынша
субсидиялау қағидаларына
4-қосымша

## Инвестициялық субсидиялауға арналған өтінім

Кімге: ____________________________________________________
(облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органының толық атауы)
кімнен: ___________________________________________________
(заңды тұлғаның толық атауы, жеке тұлғаның аты, әкесінің аты (бар болса), тегі)
Маған Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің міндетін атқарушының 2018 жылғы 23 шілдедегі № 317 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17320 болып тіркелген) бекітілген Инвестициялық салымдар кезінде агроөнеркәсіптік кешен субъектісі шеккен шығыстардың бір бөлігін өтеу бойынша субсидиялау қағидаларына сәйкес
___ "____________________________________" жобасының паспорты
(жоба паспортының толық атауы)
бойынша _____________________________________ теңге мөлшеріндегі инвестициялық субсидия (сома санмен және жазбаша) сомасын төлеуді сұраймын.

1. Инвестор туралы мәліметтер.

Заңды тұлға/филиал, өкілдік үшін:
атауы ____________________________________________________________
бизнес-сәйкестендіру нөмірі (бұдан әрі – БСН) _________________________
басшының аты, әкесінің аты (бар болса), тегі ___________________________
_________________________________________________________________
мекенжайы: _____________________________________________________
телефон (факс) нөмірі: ___________________________________________
Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес ЭҚЖЖ (экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуіші бойынша коды) бойынша сыныбы
Жеке тұлға үшін:
аты, әкесінің аты (бар болса), тегі _________________________________
_________________________________________________________________
жеке сәйкестендіру нөмірі (бұдан әрі – ЖСН) ___________________________
________________________
жеке басын куәландыратын құжат:
нөмірі __________________________________________________________
кім берді _____________________________________________________
берілген күні ___________________________________________________
мекенжайы: ____________________________________________________
телефон нөмірі: ________________________________________________
Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес ЭҚЖЖ (экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуіші бойынша коды) бойынша сыныбы
2. Дара кәсіпкер ретінде қызметін бастағаны туралы хабарлама:
орналасқан жері _________________________________________________
хабардар еткен күні ______________________________________________
3. Ауыл шаруашылығы кооперативінің мүшелері (инвестор ауыл шаруашылығы кооперативі болған жағдайда) туралы мәліметтер:

| Р/с № | Ауыл шаруашылығы кооперативі мүшесінің атауы | Ауыл шаруашылығы кооперативі мүшесінің БСН/ЖСН-сы |
|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 |
| | | |

4. Жер учаскелері туралы мәліметтер (жобалардың паспорттарында ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлердің болуы туралы талаптар болған жағдайда):

| Р/с № | Кадастрлық нөмірі | Барлық алаң, гектар | оның ішінде егістіктер | Нысаналы мақсаты | Жер учаскесі иесінің немесе жер пайдаланушының БСН/ЖСН-сы |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |
| | | | | | |

5. Ауыл шаруашылығы жануарларының бар-жоғы туралы мәліметтер (жобалардың паспорттарында ауыл шаруашылығы жануарларының болуы туралы талаптар болған жағдайда):

| Р/с № | Сәйкестендіру нөмірі | А у ы л шаруашылығы жануарының түрі | Жынысы | Жыныстық-жас тобы | А у ы л шаруашылығы жануары иесінің атауы және БСН /ЖСН-сы |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |
| | | | | | |

6. Инвестициялық жоба туралы мәліметтер:
сипаттауы _______________________________________________________
инвестициялар сомасы ______________________________________________
жоба іске асырылатын қаражат көзі __________________________________
субсидиялардың есептік сомасы _____________________________________
инвестициялық жоба іске асырылатын мекенжайы ___________________

Қаржы институтымен жасалған кредиттік шарттың/ қаржы лизингі шартының ( қарыз қаражаты тартылған жағдайда) нөмірі мен күні

________________________________________

6-1. Қаржы институты туралы мәліметтер:
қаржы институтының атауы _________________________________

қаржы институтының инвестициялық субсидияларды аудару шоттарының деректемелері көрсетілген анықтамасы _________________________________________.

7. Тиесілі субсидияның алдын ала есептемесі _________________________

8. Инвестициялық жобаның Қағидалардың шарттарына сәйкестігі туралы жұмыс органының шешімі (бұдан бұрын инвестор бірінші кезеңде өтінім берген жағдайда)

__________________________________________________________.

9. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес инвестициялық жоба объектісін пайдалануға қабылдау актісі (жаңа өндірістік қуаттылықтар құру немесе жұмыс істеп тұрғандарын кеңейту кезінде) ________________________.

10. Сатып алушы мен жеткізуші арасындағы жабдықтарды пайдалануға беру актісі ( жабдықтар сатып алу кезінде)

__________________________________.

11. Жаңа өндірістік қуаттылықтар құруға не жұмыс істеп тұрғандарын кеңейтуге арналған инвестициялық салымдарды растайтын, сатып алынған тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер бойынша сатып алу-сату шарттары, шот-фактуралар __________ ______________________________ төлемді растайтын құжаттар.

12. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жобалар сараптамасының оң қорытындысы бар жобалау-сметалық құжаттама (жобалау-сметалық құжаттамаға сәйкес субсидиялау көзделген жобалардың паспорттары бойынша) __________________ ___________________________.

13. Ауыл шаруашылығы техникасын, арнайы техника мен технологиялық жабдықтарды қабылдап алу-беру актілері ______________________________

14. Кредиттік/лизингтік шарттар (қаржы институттарында тартылған қаражат есебінен инвестициялық салымдар жүзеге асырылған жағдайда) ____________________
________________________________________________

15. Растаушы құжаттар: бизнес-жоспар, дайын өнімдерді өткізу туралы электрондық шот-фактуралар (екінші транш алуға өтінім берілген жағдайда) _________
___________________________________________________________

16. Қағидалардың 17-тармағының екінші бөлігіне сәйкес өндірістік қуаттың жүктемесіне кемінде 50 (елу) %-ке қол жеткізу туралы мәліметтер (екінші транш шеңберінде өтінім беру кезінде толтырылады).

| Р/с № | Өнім түрлерінің атауы | Өлшем бірлігі | Есепті тоқсандағы заттай мәндегі өндірілген өнім - барлығы | Есепті тоқсандағы құндық мәндегі өнімнің (тауар, көрсетілген қызмет) шығарылымы, мың теңге |
|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
| | | | | |

кестенің жалғасы

| Есепті тоқсандағы өзінің қажеттіліктеріне (зауытішілік айналым) пайдаланылған өнім | | Есепті тоқсандағы алыс-беріс шикізатынан өндірілген өнім | | Есепті кезеңнің соңына заттай мәндегі дайын өнімнің қалғаны |
|---|---|---|---|---|
| заттай көріністе | құндық көріністе, мың теңге | заттай көріністе | құндық көріністе, мың теңге | |
| 6 | 7 | 8 | 9 | 10 |
| | | | | |

17. Жобаның толтырылған паспорты қоса беріледі.

Ұсынылған ақпараттың дұрыстығын растаймын және дұрыс емес мәліметтер ұсынғаным үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапкершілік туралы хабардармын және заңмен қорғалатын құпиядан тұратын мәліметтерді пайдалануға, сондай-ақ дербес деректерді және өзге ақпаратты жинауға, өңдеуге, сақтауға, жүктеп алуға және пайдалануға келісім беремін.

Мен/біз инвестор ретінде Қағидалардың 8-тармағының талаптарына сай екенімізді растаймын.

Маған/бізге қатысты жою, оңалту немесе банкроттық рәсімдерінің басталмағандығын, сондай-ақ менің/біздің қызметім(-із) Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес уақытша тоқтатылмағандығын растаймын/растаймыз.

Тексеру кезінде ұсынылған мәліметтердің сәйкессіздігі анықталған жағдайда, сондай-ақ Қағидалардың 48-тармағының талаптары орындалмаған жағдайда, он жұмыс күні ішінде заңсыз алынған қаражатты қайтаруға міндеттенемін.

Осымен Қағидалардың 18-тармағы шеңберінде қосымша қаражат бөлінген жағдайда, инвестициялық субсидиялау сомасын ұлғайтуға келісім беремін.

Инвестор 20 __ жылғы "__" ________ сағат _____-де қол қойып, жіберді:
Электрондық цифрлық қолтаңбадан (бұдан әрі - ЭЦҚ) алынған деректер
ЭЦҚ қою күні мен уақыты
Өтінімді қабылдау туралы хабарлама:
Жұмыс органы 20__ жылғы "__" _____ сағат _______-де қабылдады:
ЭЦҚ-дан алынған деректер
ЭЦҚ қою күні мен уақыты

Қазақстан Республикасының
Ауыл шаруашылығы министрі
2025 жылғы 13 ақпандағы
№ 49 бұйрығына
4-қосымша
Инвестициялық салымдар
кезінде агроөнеркәсіптік кешен
субъектісі шеккен шығыстардың
бір бөлігін өтеу бойынша
субсидиялау қағидаларына
8-қосымша

## "Инвестициялық салымдар кезінде агроөнеркәсіптік кешен субъектісі шеккен шығыстардың бір бөлігін өтеу бойынша субсидиялау" мемлекеттік қызметін көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі

| | | |
|---|---|---|
| 1 | Көрсетілетін қызметті берушінің атауы | Облыстардың, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының жергілікті атқарушы органдары ( бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші). |
| 2 | Мемлекеттік қызметті ұсыну тәсілдері | Өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру "электрондық үкіметтің" www.egov.kz веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы жүзеге асырылады. |
| 3 | Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі | 14 (он төрт) жұмыс күні. |
| 4 | Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны | Электрондық (ішанара автоматтандырылған). |
| 5 | Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі | Жұмыс органы (көрсетілетін қызметті беруші) қол қойған инвестициялық субсидиялау шарты не мемлекеттік қызмет көрсетуден уәжді бас тарту. |
| 6 | Мемлекеттік қызметті көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлем мөлшері және Қазақстан | Тегін. |

| | | |
|---|---|---|
| | Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері | |
| 7 | Көрсетілетін қызметті берушінің және ақпарат объектісінің жұмыс кестесі | Порталдың – жөндеу жұмыстарын жүргізумен байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда , тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген жағдайда, өтінімдерді қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады).<br>Көрсетілетін қызметті берушінің – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда, сағат 13:00-ден 14:30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 09:00-ден 17:30-ға дейін. |
| | | Пайдалануға тапсырылмаған инвестициялық жобалар бойынша көрсетілетін қызметті алушы өтінімде көрсетілген қажетті құжаттарды қоса бере отырып, көрсетілетін қызметті алушының электрондық цифрлық қолтаңбасы (бұдан әрі – ЭЦҚ) қойылған электрондық өтінімді "PDF ( Portable Document Format)" форматында (көрсетілетін қызметті алушының қолы қойылған және мөрімен (бар болса ) расталған қағаз нұсқасының сканерленген көшірмесі) береді.<br>Пайдалануға тапсырылған инвестициялық жобалар бойынша, сондай-ақ нақты сатып алынған техника, машиналар мен жабдықтар бойынша көрсетілетін қызметті алушы "PDF (Portable Document Format)" форматында өтінімде көрсетілген қажетті құжаттарды қоса бере отырып, көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сы қойылған электрондық өтінімді (көрсетілетін қызметті |

| | | |
|---|---|---|
| | | алушының қолы қойылған және мөрімен (бар болса) расталған қағаз нұсқасының сканерленген көшірмесі) береді.<br>Жұмыс аяқталғаннан кейін көрсетілетін қызметті алушы "PDF (Portable Document Format)" форматында (көрсетілетін қызметті алушының қолы қойылған және мөрімен (бар болса ) расталған қағаз нұсқасының сканерленген көшірмесі), көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-мен қол қойылған, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің міндетін атқарушының 2018 жылғы 23 шілдедегі № 317 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17320 болып тіркелген) бекітілген Инвестициялық салымдар кезінде агроөнеркәсіптік кешен субъектісі шеккен шығыстардың бір бөлігін өтеу бойынша субсидиялау қағидаларына (бұдан әрі – Қағидалар) 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша инвестициялық субсидиялауға электрондық өтінімін береді.<br>Өтінімге мынадай растаушы, құқық белгілеуші және (немесе) тіркеу құжаттары қоса беріледі:<br>1) Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2017 жылғы 24 сәуірдегі № 234 бұйрығымен ( Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15141 болып тіркелген) бекітілген объектіні пайдалануға қабылдау актісі нысанына (бұдан әрі – объектіні пайдалануға қабылдау актісі нысаны) сәйкес, сондай-ақ " Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы заң) 73-бабының 2-тармағына сәйкес инвестициялық жоба объектісін пайдалануға |

| | | |
|---|---|---|
| 8 | Мемлекеттік қызметті көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыдан талап етілетін құжаттар мен мәліметтер тізбесі | қабылдау актісінің (жаңа өндірістік қуаттылықтар құру немесе жұмыс істеп тұрғандарын кеңейту кезінде) немесе инвестициялық жобаның іске қосу кешенін немесе кезегін пайдалануға беру актісінің ( Қағидалардың 15-тармағында көрсетілген жағдайлар бойынша) көшірмелері;<br>2) сатып алушы мен жеткізуші арасындағы жабдықтарды пайдалануға беру актісінің көшірмесі (жабдықтар сатып алу кезінде);<br>3) жаңа өндірістік қуаттар құруға не жұмыс істеп тұрғандарын кеңейтуге арналған инвестициялық салымдарды растайтын, сатып алынған тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер бойынша сатып алу-сату шарттарының, электрондық және/немесе қағаз түріндегі шот-фактуралардың ( қаржы лизингіне сатып алынған тауарларды қоспағанда), төленген төлемді растайтын құжаттардың көшірмелері;<br>4) Сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы заңның 6 0-бабына және 9-1-тарауына сәйкес жобалар сараптамасының оң қорытындысы бар жобалау-сметалық құжаттама көшірмелері (жобалау-сметалық құжаттамаға сәйкес субсидиялау көзделген жобалардың паспорттары бойынша);<br>5) техниканы, машиналар мен жабдықтарды қабылдау-беру актілерінің көшірмелері;<br>6) инвестициялық салымдар қаржы институттарында тартылған қаражат есебінен жүзеге асырылған жағдайда, қаржы институты растаған кредиттік/лизингтік шарттардың көшірмелері;<br>7) Қағидалардың 16-тармағының 2 ) тармақшасына сәйкес екінші траншты алуға өтінім берілген жағдайда, инвестор (көрсетілетін қызметті алушы) "PDF (Portable |

| | | |
|---|---|---|
| | | Document Format)" электрондық форматында (қағаз нұсқасының сканерленген көшірмесі) растайтын құжаттарды қоса береді :<br>бизнес-жоспар;<br>дайын өнімді өткізу бойынша электрондық шот-фактуралар;<br>8) ҚҚС бойынша тіркеу есебіне қою туралы куәліктің көшірмесі ( ҚҚС бойынша тіркеу есебінде тұрған АӨК субъектілері үшін);<br>9) № 4 жобаның паспорты бойынша және жерүсті немесе жерасты көздерінен суды тікелей ( бастапқы) алған жағдайда № 11 жобаның паспорты бойынша қосымша:<br>"Су қорын пайдалануды реттеу саласында мемлекеттік қызметтер көрсету қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 11 қыркүйектегі № 216 бұйрығымен ( Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21194 тіркелген) бекітілген " Арнайы су пайдалануға рұқсат" мемлекеттік қызметін көрсету қағидаларына сәйкес алынған арнайы су пайдалануға рұқсаттың көшірмесі;<br>10) № 4 жобаның паспорты бойынша қосымша:<br>су шаруашылығы құрылысжайларына құқықтардың мемлекеттік тіркелгенін растайтын құжаттың көшірмесі;<br>шөл және шөлейт аймақтарға арналған құдықтар (ұңғымалар) бойынша – табиғи аймақтарға тиесілігін көрсете отырып, жер учаскесінің сапалық жай-күйі туралы мәліметтердің көшірмесі;<br>"Гидромелиорациялық жүйелер мен су шаруашылығы құрылысжайларының паспорттарын жүргізу қағидасын және паспорт нысанын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2009 жылғы 4 маусымдағы № 326 |

| | | |
|---|---|---|
| | | бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5714 тіркелген) сәйкес нысан бойынша су алу ұңғымасының техникалық паспортының көшірмесі;<br>инвестордың (көрсетілетін қызметті алушының) құдықтарды (ұңғымаларды) салу және бұрғылау жөніндегі мердігер ұйымның қызметтеріне ақы төлеу фактісін, сондай-ақ оның қалыңдығы мен диаметрін көрсете отырып, құбырлардың құнын растайтын электрондық шот-фактуралардың, төлем құжаттарының көшірмелері;<br>мердігермен жасалған шарттың көшірмесі;<br>мердігердің топырақты бұрғылау жұмыстарының кіші түрлері бойынша құрылыс-монтаждау жұмыстарына, сондай-ақ топырақты далалық зерттеулердің кіші түрлері бойынша іздестіру қызметіне, гидрогеологиялық зерттеулерге лицензиялардың көшірмелері;<br>11) инвестор (көрсетілетін қызметті алушы) өз қаражатын пайдаланған жағдайда инвестициялық субсидияларды аудару үшін инвестордың ( көрсетілетін қызметті алушының) шотының деректемесін көрсете отырып, инвестордың ( көрсетілетін қызметті алушының) ағымдағы шоты ашылған қаржы институтының анықтамасы;<br>12) инвестордың (көрсетілетін қызметті алушының) негізгі борышын өтеу есебіне инвестициялық субсидияларды аудару үшін қаржы институты шотының деректемесін көрсете отырып, қаржы институтының анықтамасы. |
| | | 1) көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін ұсынған құжаттардың және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) дұрыс еместігінің анықталуы; |

| | | |
|---|---|---|
| 9 | Мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген негіздер | 2) көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті ұсынылған материалдардың, объектілердің, деректер мен мәліметтердің Қағидаларда белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі.<br>3) көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету үшін талап етілетін, "Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабына сәйкес берілетін қолжетімділігі шектеулі дербес деректерге қол жеткізуге келісімі болмауы. |
| 10 | Мемлекеттік қызметті көрсету, оның ішінде электрондық нысанда көрсету ерекшеліктерін ескере отырып қойылатын өзге де талаптар | Мемлекеттік қызмет көрсету орындарының мекенжайлары:<br>1) тиісті көрсетілетін қызметті берушінің интернет-ресурсында;<br>2) Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің www.gov.kz интернет-ресурсында орналасқан.<br>Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты Бірыңғай байланыс орталығы арқылы қашықтықтан қол жеткізу режимінде алуға мүмкіндігі бар. Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері жөніндегі анықтама қызметтерінің байланыс телефондары порталда көрсетілген. Бірыңғай байланыс орталығы:<br>1414, 8 800 080 77 77. |

Қазақстан Республикасының
Ауыл шаруашылығы министрі
2025 жылғы 13 ақпандағы
№ 49 бұйрығына
5-қосымша

Инвестициялық салымдар
кезінде агроөнеркәсіптік кешен
субъектісі шеккен шығыстардың
бір бөлігін өтеу бойынша
субсидиялау қағидаларына
12-қосымша

# Инвестициялық субсидиялау шарты №__

_______ қаласы

Бұдан әрі "Жұмыс органы" деп аталатын "______________________" мемлекеттік мекемесінің атынан "______________________________" мемлекеттік мекемесі туралы ереже негізінде әрекет ететін басқарма басшысы (немесе бұйрық негізінде оны алмастыратын адам) ________________ бір тараптан және бұдан әрі "Инвестор" деп аталатын, ______________ атынан _____________________ негізінде әрекет ететін ____ _________________, бірге Тараптар, ал жеке-жеке Тарап деп жоғарыда көрсетілгендей аталып, төмендегілер туралы осы Инвестициялық субсидиялау шартын (бұдан әрі – Шарт) жасасты.

**1-тарау. Жалпы ережелер**

Осы Шартты жасауға мыналар негіз болып табылады:

1) Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің міндетін атқарушының 2018 жылғы 23 шілдедегі № 317 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17320 болып тіркелген) бекітілген Инвестициялық салымдар кезінде агроөнеркәсіптік кешен субъектісі шеккен шығыстардың бір бөлігін өтеу бойынша субсидиялау қағидалары (бұдан әрі - Субсидиялау қағидалары);

2) Жұмыс органының 20 __ жылғы ______________ №___ шешімі.

**2-тарау. Терминдер мен айқындамалар**

2. Осы шартта Субсидиялау қағидаларында көрсетілген ұғымдар пайдаланылады.

**3-тарау. Шарттың мәні**

3.1 Осы Шарттың талаптары бойынша Жұмыс органы Инвестор шығыстарының бір бөлігін инвестициялық субсидиялауды мынадай шарттармен жүзеге асырады:

| | |
|---|---|
| Жобаның паспорты (Субсидиялау қағидаларына сәйкес) | |
| Инвестициялық жоба жөніндегі инвестордың инвестициялық салымдарының жалпы мөлшері | |
| Инвестициялық субсидиялардың мөлшері | |
| Жұмыс органы шешімінің нөмірі | |
| Жұмыс органы шешімінің күні | |
| Қаржы институтымен жасалған кредиттік шарттың/ қаржы лизингі шартының (қарыз қаражаты тартылған жағдайда) нөмірі мен күні | |

3.2 Инвестициялық субсидиялау тиісті қаржы жылына _______ облысының ( республикалық маңызы бар қаланың, астананың) бюджетінде көзделген қаражат есебінен және шегінде жүргізіледі.

**4-тарау. Инвесторға қаражат аудару тәртібі мен шарттары**

4.1 ________ (_______) теңге мөлшеріндегі инвестициялық субсидия сомасын Жұмыс органы Инвестордың өз қаражатын пайдаланған кезде Инвестордың ( көрсетілетін қызметті алушының) есептік шотына немесе Жұмыс органы қаржы институтына техника, машиналар, жабдықтар және басқа да объектілерді кредит/лизингке сатып алған кезде Инвестордың негізгі борышын өтеу есебіне аударады.

4.2 Инвестициялық субсидиялау мерзімін санау осы Шарттың күшіне енген сәтінен бастап басталады.

4.3 Тараптар осы Шарт шеңберінде, егер төлем күні жұмыс емес күнге немесе мереке күнге сәйкес келсе, төлем олардан кейінгі жұмыс күні жүргізіледі деп келісті.

4.4 Инвестициялық субсидия Инвесторға Субсидиялау қағидаларында көрсетілген жобалар паспорттарына сәйкес төленеді.

4.5 Инвестициялық субсидиялар Инвестордың жаңа, бұрын қолданылмаған техниканы, машиналар мен жабдықтарды сатып алуға арналған инвестициялық салымдары бойынша төленеді.

4.6. Барлық операциялар ұлттық валюта - теңгемен жүргізіледі.

**5-тарау. Тараптардың құқықтары мен міндеттері**

5.1 Инвестор:

- техниканы, машиналар мен жабдықтарды Жұмыс органын алдын ала жазбаша хабардар ету шартымен маусымдық тоқтап тұрған жағдайда қызметтердің басқа түрлері үшін пайдалануға құқылы.

5.2 Инвестор:

Субсидиялау қағидаларының шарттарын уақтылы және толық көлемде орындауға;

Шарт бойынша өзінің міндеттемелерін уақтылы және толық көлемде орындауға;

осы Шартты орындауға байланысты құжаттар мен ақпаратты Жұмыс органының сұратуы бойынша уақтылы ұсынуға;

Жұмыс органына Инвестордың объектісін қарап-тексеру және өндірістік қуаттылықтардың жүктелгеніне көз жеткізу үшін рұқсат беруге;

өзіне қатысты жою, оңалту немесе банкроттық рәсім басталған жағдайда, сондай-ақ, егер Инвестордың қызметі Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес уақытша тоқтатылған жағдайда, Жұмыс органын жазбаша түрде дереу хабардар етуге;

осы Шарттың талаптары мен оны іске асыру жөніндегі ақпаратты үшінші тұлғаларға Тараптардың алдын ала жазбаша келісімінсіз бермеуге және ашпауға;

Жұмыс органын осы Шарттың талаптарын орындауға әсер ететін барлық мән-жайлар туралы уақтылы хабардар етуге міндетті.

5.3 Жұмыс органы:

- Инвестордан инвестициялық жоба мен осы Шартты іске асыру барысы туралы барлық қажетті құжаттар мен ақпаратты сұратуға құқылы.

5.4 Жұмыс органы:

Осы Шарттың 3.1-тармағында көрсетілген инвестициялық субсидиялау үшін көзделген қаражатты аударуға;

Қағидалардың 38-тармағына сәйкес мониторинг жүргізуге міндетті.

**6-тарау. Тараптардың жауапкершілігі**

6.1 Осы Шарт бойынша Тараптар Шартқа, Субсидиялау қағидаларына және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Шарттан туындайтын міндеттемелерді орындамағаны және/немесе тиісінше орындамағаны үшін жауапкершілік артады.

**7-тарау. Шарттың қолданылу мерзімі**

7.1 Осы Шарт қол қойылған сәтінен бастап күшіне енеді және Тараптар өз міндеттемелерін толық көлемде орындағанға дейін әрекет етеді.

**8-тарау. Еңсерілмейтін күштің мән-жайлары**

8.1 Тараптар, егер орындай алмау еңсерілмейтін күштің мән-жайлары салдарынан болса, онда осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамағаны не тиісінше орындамағаны үшін жауапкершіліктен босатылады.

8.2 Еңсерілмейтін күштің мән-жайларының басталуынан Тараптар осы Шарт бойынша міндеттемелерін орындай алмаса, басталу сәтінен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде екінші Тарапты осындай мән-жайлар туралы уақтылы хабардар етуі тиіс. Бұл ретте еңсерілмейтін күштің мән-жайларының сипаты, әрекет ету кезеңі, басталу фактісі уәкілетті мемлекеттік органдардың тиісті құжаттарымен расталуы тиіс.

8.3 Уақтылы хабарламаған жағдайда, Тараптар екінші Тарапқа хабарламау немесе уақтылы хабарламаудан келтірілген зиянды өтеуге міндетті.

8.4 Еңсерілмейтін күштің мән-жайларының басталуы олардың әрекет ету кезеңіне осы Шарттың орындалу мерзімін ұлғайтуға алып келеді.

8.5 Егер осындай жағдайлар қатарынан үш ай бойы жалғасатын болса, онда кез келген Тарап осы Шарт бойынша міндеттемелерін одан әрі орындаудан бас тартуға құқылы.

**9-тарау. Дауларды шешу**

9.1 Тараптар тікелей келіссөздер процесінде Шарт бойынша немесе оған байланысты олардың арасында туындайтын барлық келіспеушіліктерді немесе дауларды шешу үшін барлық күш-жігерін жұмсаулары тиіс.

9.2 Егер мұндай келіссөздерден кейін Тараптар осы Шарт бойынша дауды шеше алмаса, Тараптардың кез келгені бұл мәселенің Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген сот тәртібімен шешілуін талап ете алады.

**10-тарау. Хат-хабар алмасу**

10.1 Осы Шарт шеңберінде Тараптардың бір-біріне жіберетін кез келген хат-хабарлары жазбаша түрде беріледі және қарау үшін тапсыру туралы белгісі бар хат-хабар Тараптар алған сәттен бастап күнтізбелік 10 (он) күн ішінде қаралады.

10.2 Хат-хабар тиісті түрде рәсімделген жағдайда (хат-хабар бланкіде ұсынылса немесе мөрмен (бар болса) куәландырылса, басшының қолы қойылса және тіркеу нөмірі, күні көрсетілсе тиісті түрде рәсімделген болып саналады), қолға табысталса, почта арқылы жеткізілсе (хабарламасы бар тапсырыс хатпен) немесе қатысушы Тараптың мекенжайына курьерлік байланыс арқылы жеткізілсе, тиісті түрде ұсынылған немесе жіберілген болып саналады.

**11-тарау. Құпиялылық**

11.1 Осымен Тараптар осы Шарттың талаптарына қатысты ақпарат, банктік құпия, сондай-ақ қаржылық, коммерциялық және олар осы Шартты жасасу және орындау кезінде алған өзге де ақпарат құпия болып табылатынымен және осы Шартта, Субсидиялау қағидаларында және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында тікелей көзделген жағдайларды қоспағанда, үшінші тұлғаларға жария етуге жатпайтынымен келіседі.

11.2 Тараптың құпия ақпаратты үшінші тұлғаларға беруі, жариялауы немесе оны өзге де жария етуі осы Шартпен және Қазақстан Республикасының заңнамасымен тікелей көзделген жағдайда ғана мүмкін болады.

11.3 Тараптар осы Шарттың болуы мен талаптарының құпиялылығын сақтау үшін барлық қажетті шараларды, оның ішінде құқықтық сипаттағы шараларды қабылдайды. Тараптардың лауазымды адамдары мен қызметкерлері осы Шартты іске асыру барысында алынған мәліметтерді жария етпейді не үшінші тұлғаларға бермейді.

11.4 Қандай да бір Тарап осы Шарттың талаптарын бұза отырып, құпия ақпаратты жария еткен не таратқан жағдайда, кінәлі Тарап осындай ақпаратты жария ету салдарынан екінші Тарапқа келтірілген зиянды өтей отырып, Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жауапкершілікте болады.

11.5 Инвестор осы Шартқа қол қоя отырып, Жұмыс органының бұқаралық ақпарат құралдарында Инвестор туралы мәліметтерді орналастыруына, сондай-ақ, осы Шарт аясында Инвестор туралы алынған кез келген мәліметті (оның ішінде банктік құпияны) Инвестордың алдын ала жазбаша келісімінсіз үшінші тұлғаларға жария етуіне келісім береді.

**12-тарау. Мәлімдеулер, кепілдіктер және келісім берулер**

12.1 Инвестор мыналарды мәлімдейді және кепілдік береді:

Инвестор осы Шартта көрсетілген мәлімдеулер мен кепілдіктер шынайы және шындыққа сәйкес келетінін растайды;

12.2 Инвестор:

Инвесторға оның бизнесіне, оның қаржылық жағдайына, активтері мен өзінің міндеттемелері бойынша жауап беру қабілетіне жағымсыз әсер етуі мүмкін қандай да болмасын мән-жайлардың мәлім емес екендігін мәлімдейді және оған кепілдік береді;

сондай-ақ Инвестор оның құзыреті осы Шартқа қол қоятын адамға осы Шартты жасасуға мүмкіндік беретінін растайды.

12.3 Инвестор осы Шартты жасасу кезінде осы Шартты бұзуға себеп болатын, оны жарамсыз деп танитын негіздердің жоқтығын растайды.

12.4 Инвестор барлық ақпарат, сондай-ақ берілген (ұсынылған) барлық құжаттама дәл және шындыққа сай екенін мәлімдейді және растайды.

**13-тарау. Қорытынды ережелер**

13.1 Осы Шарттың ережелері өзгертілуі және/немесе толықтырылуы тиіс. Тараптар үшін тек Тараптардың келісімімен жазбаша түрде жасалған және Тараптардың уәкілетті өкілдері қол қойған өзгерістер мен толықтырулар ғана жарамды және міндетті болып танылады.

13.2 Осы Шарт мемлекеттік және орыс тілдерінде Тараптардың әрқайсысы үшін бір-бір данадан 2 (екі) данада жасалды.

**14-тарау. Тараптардың заңды мекенжайлары, банктік деректемелері және қолтаңбалары**

| Жұмыс органы | Инвестор |
| --- | --- |
| ____________ | ____________ |
| | |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК